

# РКЖЕҢ

№ 3 (973) 31 наурыз 2021 жыл

## Құттықтаймыз!



Махамбет Өтемісов атындағы  
Батыс Қазақстан университеті ұжымы  
**СҰЛТАНҒАЛИЕВА РИТА БЕКЖАНҚЫЗЫН**

«Ғылыми атақ беру туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 1 наурыздағы №166 бұйрығына сәйкес 10.01.00-«Әдебиеттану» мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуымен шын жүректен құттықтайды және шығармашылық табыстар тілейді!

Университетімізде Саратов облысының делегациясымен кездесу өтті. Кездесуге Саратов облысының бірнеше өкілі: Саратов облыстық Думасы VI шақырылымының депутаты Ковалев Евгений Петрович, Саратов мемлекеттік құқық академиясының стратегиялық даму және сыртқы байланыстар бойынша проректоры Пермяков Александр Игоревич, В.И.Разумовский атындағы Саратов мемлекеттік медициналық университетінің халықаралық бөлім басшысы Терентьев Илья Викторович қатысты.



## Саратов облысының делегациясын қабылдады

Делегация мүшелері М.Өтемісов атындағы БҚУ мұражайымен танысып, университет туралы бейнефильмді тамашалады, өзара тиімді ынтымақтастық бағыты бойынша мәселелерді талқылап, пікір алмасты. Кездесу соңында Наурыз мерекесін тойлауға арналған мәдени шараға қатысты.

Ресми кездесуде М.Өтемісов атындағы БҚУ Басқарма төрағасы - ректордың м.а., биология ғылымдарының кандидаты, профессор Н.Х.Серғалиевтің басшылығымен ҚР БҚО және РФ Саратов облысы ЖОО-лары мен колледждері арасындағы ғылым және білім саласындағы ынтымақтастықтың келешегі талқыланды. Бірлескен білім

беру бағдарламаларын жасақтау, студенттер мен ОПҚ-ның академиялық ұтқырлық бағдарламасын дамыту, ғылыми жобаларды жүзеге асыру, ғылыми форумдар ұйымдастыру, ғылыми мақалалар даярлау сияқты мәселелерді жан-жақты талқылау нәтижесінде бірлескен білім беру бағдарламаларын құруды бастау, студенттер мен ОПҚ-ның академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша жұмысты жандандыру, бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыруға кірісу, ғылыми форумдар мен конференцияларды жоспарлау және жетекші жоғары рейтингті журналдарға бірлескен ғылыми мақалалар даярлауды бастау жөнінде шешім қабылданды.

## НАУРЫЗДАҒЫ ЖАЙЛАУ КҮНІ САХНАЛАНДЫ



9-бет

Жайық өзенінің  
экологиялық  
проблемалары

3-бет

ҒЫЛЫМ. БІЛІМ.

4-5-бет

Алғыспен  
өрілген  
азат күн

7-бет

ЕКІ ҒАСЫР ЖАСАҒАН  
«КИРОВ ПАРКІ»  
ТАРИХЫН БІЛЕМІЗ БЕ?

10-бет



# Совершенствование системы высшего образования

1 марта 2021 года прошло онлайн совещание по вопросам создания центров академического превосходства.

На заседании Национального совета общественного доверия глава государства дал поручения по совершенствованию системы высшего образования.

Касым-Жомарт Токаев поручил создать центры академического превосходства в 10 вузах.

Департаментом высшего и послевузовского образования МОН РК проводится планомерная работа по планированию создания центров академического превосходства.

В состоявшемся в формате онлайн совещании приняли участие представители Министерства образования и науки РК и вузов РК. Председательствующая на заседании заместитель директора Департамента высшего и послевузовского образования МОН РК Бану Мухатаевна Нарбекова призвала всех участников обсуждений выработать свои предложения по развитию центров академического превосходства в вузах.

С опытом разработки ГИП и ФЭО по центрам академического превосходства поделились коллеги с АРГУ имени К.Жубанова, Торайгыров Университета, КазНацЖенПУ.

Наш университет ведет подготовку ГИП, ФЭО, БЗ по созданию Центра естественно-гуманитарных исследований на базе ЗКУ им.М.Утемисова.



## Онлайн кездесу

1 наурыз күні М.Өтемисов атындағы БҚУ педагогика факультетінде Алғыс айту күніне орай онлайн кездесу өткізілді. Мақсаты - «Рухани жаңғыру» бағдарламасын кеңінен насихаттауға және қоғамда ризашылық күнінің маңызын одан әрі нығайтуға ықпал ету.



Студент жастарымыздың бойына патриоттық рухты, Қазақстан тарихы мен мәдениетін құрметтеу, ынтымақтастыққа, достық пен өзара қолдауға тәрбиелеу мақсатында «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы студенттерге «Ақыл жастан, тәрбиесі болса...» атты қазақша баяндама жасаса, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Салов Владимир Юрьевич «Здоровье детей-здоровье нации» тақырыбында орысша баяндама жасады. Студенттер университет қабырғасында білім беретін оқытушыларына ой алмасу кезінде жүрекжарды лебіздерін айтып, алғыстарын білдірді.

Гүлсезім СЕРИКБАЕВА,  
ПМНО-11 тобының студенті

## Новые технологии в криминалистике

В конце прошлого месяца студенты 3 курса (казахское и русское отделения) ЗКУ имени М.Утемисова по специальности «Юриспруденция» присутствовали на практическом занятии по теме «Новые технологии в криминалистике» в ОКУ ДП Западно-Казахстанской области, в котором также принимали участие преподаватели ЗКУ им. М.Утемисова Казиев Т.И. и Куставлетов Х.М.



В ходе проведения занятия сотрудники ОКУ ДП рассказали студентам, что представляет собой криминалистика как наука в целом, продемонстрировали возможности современных образцов высокотехнологической криминалистической техники.

Наглядно продемонстрировали, как проводится дактилоскопическая, одорологическая и баллистическая экспертизы.

Каждый из студентов мог по собственному желанию увидеть, поддержать криминалистические чехомоданы, дактилоскопические порошки, а также самостоятельно снять отпечатки пальцев.

По словам студентов, мероприятие было очень содержательным и информативным.

И что самое главное, мероприятие дало студентам не только теоретические знания, но и практические навыки, которые пригодятся им в будущем.

## ЖАҢАЛЫҚТАР НОВОСТИ

■ ИЯ-35 тобының студенттері және топ кураторы Г.А.Турежанова Ауған соғысының 32 жыл толуына орай «Ауғанның асуында от кешкендер» атты тәрбие сағатын өткізді. Тәуелсіздік жолында күрескен аға-апаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отырып, студенттерді ұлтжандылыққа, отанын сүюге тәрбиелеу бүгінгі күннің басты мақсаты. Іс-шарада студенттер өлең жолдарын оқып, Ауған соғысының тарихи маңызын аша білді. Сонымен қатар «Ауғанның асуында от кешкендер» жайлы бейнероликтер көрсетілді. Тәрбие сағаты өте жоғары деңгейде өтті.

■ Наурыз айының 1-жұлдызында Жаратылыстану-география факультетінде Алғыс айту күніне арналған «Адамдар арасында ізгілікпен жалғаушы» атты шарада доцент Ергалиев Асқарбек Сарсенович «Бөкей Ордасының ұлы тұлғалары» тақырыбында онлайн дәріс оқыды. Сондай-ақ дәрісінде Рамазанов Серік Кішібекович орыс тілінде дәрісін студент жастарға жоғары деңгейде түсіндірді.

Дәріс жоғары деңгейде өтті. Шара соңында Биология-ағылшын мамандығының 2-курс студенті Лилиана Баталова білім нәрімен сусындатқан ұстаздарға өз алғысын білдірді.

■ 1 наурыз күні Мәдениет және өнер факультетінде Алғыс айту күніне арналған «Рахмет саған, туған ел!» атты мерекелік концертті өтті. Концертте өзге ұлт өкелдері алғыстарын білдіріп қана қоймай, музыкалық сәлемдерін жолдады. Концерттің режиссерлары, магистрлар И.И.Искакова мен А.С.Серікқали кәсіби шеберліктерінің арқасында концерттің жоғары деңгейде өтуіне атсалысты. Концертте 4 өзге ұлттың халықтық биін қойған А.Б.Жумағалиева хореография мамандығы студенттеріне би қоюмен қатар, грузиядан білім іздеп келген Дишайн мамандығының студенті Айдамир Айханды да бишілер тобына қосып, лезгинканы шебер билетіп көрерменнің ықыласына бөленді.

■ 5 наурыз күні Филология факультеті шетел тілдері кафедрасының оқытушысы, магистр Фролов Игорь Михайловичтің жетекшілігімен шет тілі: екі шет тілі мамандығының студент жастары ардагер ұстаз, М.Өтемисов атындағы БҚУ-ға еңбегі сіңген, шетел тілдері кафедрасында көп жылдар еңбек еткен Терентьева Любовь Макеевнаны құрметтеп, көмек ретінде қар тазалап, келе жатқан 8 наурыз Халықаралық Әйелдер күнімен құттықтады.

■ 8 наурыз мерекесіне орай физика-математика факультетінің сері жігіттері ұстаздарымыз бен қыздарымызды құттықтап, тоқсаныншы жылдарға саяхат жасатып, ойын ойнатып, көңіл-күйлерін көтерді. Кеш ортасында «Ана туралы жыр» әнін орындап, аналарымызды еске алдық. Ортада ойын ойнатылып, ұстаздар мен студенттер жарыса ән шырқап, би билеп, көтеріңкі көңіл-күйде тарқасты.

■ 14 наурыз - Көрісу күніне орай Мәдениет және өнер факультетінің ұйымдастыруымен «Амал келді - жыл келді» атты мерекелік шара өтті. Студенттер факультеттер мен кафедраларға барып, мерекелен құттықтап, бауырсақ таратты. Домбырамен көңілді ән айтып, факультет деканы Қарлығаш Рахимқызы мен декан орынбасарлары Нұрдаулет Асқарұлын, Раушан Жәрдемқызын құттықтады. Шарадан соң, басқа факультеттердің белсенді студенттері келіп құттықтап, қонақтарға ақтан ауыз тигізіп, дастархан жайылды.

■ 14 наурыз - қазақ халқы арасында Наурыз мерекесінің басы болып саналатын көрісу мерекесі. Осы мерекеге орай физика-математика факультетінде өткізілген шарада ұстаздар мен студенттер бір-бірімен көрісіп, танысып, керемет көңіл-күй сыйланды. Қонақтар ортаға жайылған дастарханнан дәм татып, домбырамен ән шырқап, ана, ауыл, достарын еске алды.

■ Жуырда экономика және менеджмент кафедрасы оқытушыларының ұйымдастыруымен «Туған жерім, сені мақтан етемін» тақырыбында патриоттық өлеңдер сайысы оздырылды. Сайысқа 1-3-курс студенттері белсенді қатысты. Жауапты оқытушылар - А.Б.Егзалиева, О.В.Черемухина, Н.М.Антонова. Шарада жүзден жүйрік атанған Ляззат Қалмырза (ГМУ-31) мен Назым Жолдасова (ГМУ-31) жүлделі I орынды, Идрейсова Ақбаян) МиБ-12) мен Төлеуова Камила (ЭиМ-12) II орынды, Алина Тугаева (УА-12) мен Джумагулов Нуржанат (Т-12) III орынды иемденді.

Сайыс соңында Жастар ісі жөніндегі комитеттің аға консультанты Ешимова Жанбота Есенғалиевна белсене қатысқан студенттерге ризашылығын білдіріп, Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен құттықтады.



## С 2021 ГОДА К ОТРАБОТКЕ ГОСГРАНТА ПРИМЕНЯЕТСЯ БОЛЕЕ ГИБКИЙ ПОДХОД

В Закон «Об образовании» в 2016 году были внесены изменения относительно отработки выпускников вузов, обучившихся по государственным образовательным грантам. Согласно принятым Парламентом изменениям грантники должны были отработать по своей специальности в государственных организациях не менее трех лет.

Соответственно эта норма распространяется на всех студентов, поступивших в вузы за счет государственного заказа, начиная с 2017-2018 учебного года.

«Относительно отработки гранта: если студент поступил в вуз по гранту в 2017 году и завершает обучение в 2020-2021 учебном году, то он должен отработать согласно ранее принятому Закону. Так что ничего нового в этой норме нет», – пояснил директор Департамента высшего и послевузовского образования МОН РК Адлет Тойбаев.

В начале 2021 года требования об отработке гранта были упрощены. Теперь выпускники после

окончания вуза могут отработать положенный период по специальности не только в государственных организациях, как это требовалось ранее, но и в частных.

Кроме того, сроки отработки были пересмотрены в пользу тех, кто обучался по гранту не все 4 года, а только определенное время. К примеру, студент поступил в вуз на платное отделение и через некоторое время за хорошую успеваемость получил государственный образовательный грант или, наоборот, с гранта был переведен на платное отделение.

«Студенты, которые отучились по госгранту, должны были отработать все три года, при этом исключительно в государственных организациях. С 2021 года применяется более гибкий подход. Теперь выпускники могут отработать период, соответствующий количеству лет бесплатного обучения, в любых организациях, т.е. вне зависимости от их формы собственности», – сказал Адлет Тойбаев.

## Жайық өзенінің экологиялық проблемалары

Жуырда Жаратылыстану-география факультетінің ұйымдастыруымен «Жайық өзенінің экологиялық проблемалары» атты ғылыми онлайн конференция оздырылды.

Конференциямызға Педагогика, филология, факультеттерінің студенттері қатысты. Онлайн конференцияда Жайық өзен суының азайып кетуі, ластану себептері, Жайық өзенін ластаушыға төленетін айыппұл, Атыраудағы балық қырғыны туралы сөз қозғалып, презентациялар көрсетілді. Конференция сонында ҚР Тұңғыш Президенті атындағы атаулы шәкіртақы иегері Өтелгенова Жұлдыз, педагогика факультетінің ПимНО-21 тобының студенті Жұмағали Айнель, ХБ-21 топ студенттері Болатова Аружан, Жасталапова Сәндеш өз ойларымен бөлісті. Су байлығынан адам баласына келетін пайда көп. Оны тиімді пайдалану, сақтай білу баршамыздың абыройлы борышымыз.



## ЗАЩИТА ДИПЛОМНЫХ РАБОТ ПО ДВУДИПЛОМНОЙ ПРОГРАММЕ

В ЗКУ им. М.Утемисова под председательством кандидата экономических наук, доцента, заместителя министра Министерства промышленности и инновационной политики Республики Башкортостан (РФ) У.Ф. Насибуллина в онлайн режиме состоялась защита дипломных работ 15 выпускников образовательной программы двудипломного образования «Экономика и управление на предприятии нефтегазового комплекса».



В 2018 году в целях интеграции в мировое образовательное пространство, направленное на расширение доступа студентов университета к зарубежному образованию, отдел двудипломного образования нашего университета

инициировал и создал совместно с Уфимским ГНТУ инновационно-образовательный консорциум по реализации программ двудипломного образования. В результате, впервые в истории университета реализован Международный образовательный проект по двудипломному образованию по программе «Экономика и управление на предприятии нефтегазового комплекса».

Координатор проекта - доктор технических наук, профессор Г.С. Гумаров, руководитель программы - кандидат экономических наук, доцент А.Б. Тлесова, методист проекта - А.Ж. Тулегенова. Срок обучения по данной программе составляет 2,5 года.

В ходе итоговой аттестации выпускники продемонстрировали высокий уровень теоретической подготовки и практических знаний, которые были по достоинству оценены председателем и членами

итоговой аттестационной комиссии. При этом комиссия особо выделила подготовку выпускников программы Волкова Данила, Тлесова Алишера, Шайхи Елизаветы, Салимова Фархата, Баймухамбетовой Аружан.

Научными руководителями студентов выпускных квалификационных работ являются канд. экон. наук, старший преподаватель Буланова Н.К., канд. экон. наук, доцент Нестеренко Г.И., канд. экон. наук, доцент Примбетова С.Ч. и канд. экон. наук, доцент Тлесова А.Б.

В целом комиссия дала положительную оценку знаниям и компетенциям студентов программы «Экономика и управление на предприятии нефтегазового комплекса». Более того, государственной аттестационной комиссией отмечены ряд актуальных дипломных работ, выполненных на достаточно высоком уровне и имеющих практическую значимость, подтвержденные актами

## К 90-летию ЗКУ им.М.Утемисова

Уважаемые преподаватели, выпускники, сотрудники и студенты Университета! В вузовской студенческой газете «Өркен» открыта рубрика «К 90-летию ЗКУ им.М.Утемисова».

Редакция газеты с радостью и благодарностью примет ваши воспоминания, рассказы о преподавателях, ваших наставниках, о незабываемом студенческом периоде вашей жизни.

К юбилею университета готовится к изданию книга о замечательных людях вуза, вложивших вклад в становление и развитие Alma mater.

Лучшие материалы будут опубликованы в студенческой газете и включены в юбилейный сборник.



ЗКУ - один из старейших вузов страны, первое высшее учебное заведение Западного Казахстана.

Основан 2 октября 1932г. В 2022 г. вуз отметит 90-летний юбилей.

Сегодня Западно-Казахстанский государственный университет по праву занимает особое место в интеллектуальной, научно-образовательной, общественно-политической и культурной жизни Приуралья.

В структуре вуза – шесть факультетов (физико-математический, естественно-географический, филологический, истории, экономики и права, педагогический, культуры и искусства), 22 кафедры, готовящие кадры по 65 образовательным программам бакалавриата и 33-м – магистратуры ЗКУ им.М.Утемисова – крупнейшее многопрофильное высшее учебное заведение Западного Казахстана, готовит кадры по восьми направлениям: педагогические науки, искусство и гуманитарные науки, социальные науки, журналистика и информация, бизнес, управление и право, естественные науки, математика и статистика, информационно-коммуникационные технологии, инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли, услуги.

Профессорско-преподавательский состав - 380 человек, студентов - 6270.

Университет имеет современную материально-техническую базу: 7 учебных корпусов, 3 студенческих общежития, 4 типовых спортивных зала, 2 открытые спортивные площадки, агробиостанцию, богатейшую научную библиотеку (более 1 млн. ед.хр.); Гербарный фонд, зарегистрированный во Всемирной сводке гербариев «Index herbariorum». Обновлено оборудование учебных лабораторий по Робототехнике, испытательной лаборатории экологии и биогеохимии и др.

ЗКУ им.М.Утемисова сотрудничает со 100 вузами СНГ и 28 вузами стран дальнего зарубежья.

По итогам Национального рейтинга востребованности вузов ЗКУ им. М. Утемисова в 2020 году занял 8-е место среди 89-ти высших учебных заведений республики.

Университет обладает большим научно-образовательным потенциалом, богатой материально-технической базой, и сегодня прикладывает все усилия для развития образования, культуры и экономики Приуралья.

внедрения в производственную деятельность.

В заключительном слове председатель комиссии поздравил молодых специалистов-выпускников с успешной защитой дипломных работ и пожелал творческих успехов в предстоящей профессиональной деятельности.

В ближайшие месяцы первым выпускникам программы будут выданы российские дипломы с присвоением новой второй квалификации «Менеджер нефтегазового предприятия».

Защита дипломных работ – это волнительный, торжественный и запоминающийся на всю жизнь момент. Желаем удачи нашим выпускникам программы двудипломного образования!

**Г.С. ГУМАРОВ,**  
доктор технических наук, профессор



«Қашықтан оқыту жағдайындағы білім беру үрдісін жаңғырту» атты әдістемелік апталықтың аясында 24 ақпан күні педагогика факультеті оқытушыларының инновациялық технологияларды қолданудағы жаңашыл идеялар бастамасы болар инновациялық жобалар конкурсы оздырылды.

Инновациялық жобалар конкурсы барысында мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының оқытушылары Л.А.Федорченко, Г.С. Мухива «Жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде Google қосымшаларын: кестелерді, құжаттарды, презентацияларды пайдалану» тақырыбындағы инновациялық жобасын ұсынды. Қашықтан оқыту жүйесінде Google қосымшаларының ақпараттық-коммуникативтік технологияларының мүмкіндіктерін оқу үдерісінде «студент-оқытушы» кері байланысты қамтамасыз ету және оқу үдерісіне деген ынтаны арттыру үшін пайдалануға болатындығын атап өтті. Бұл жоба студенттер арасында кестелерді, құжаттарды толтыруда ғылыми бағыттағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды уақытылы анықтауға мүмкіндік беретіндігін және курстық немесе дипломдық жұмыс тақырыбын қалыптастыруда тиімді екендігін атап өтті. Университет қызметкерлері ғылыми-әдістемелік және оқу жұмысы бойынша деректерді жинау кезінде Google қосымшаларын да пайдалана алатындығын баяндады.

Дене тәрбиесін оқытудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының оқытушысы, магистр Н.Н.Наурызбаев «Емдік дене шынықтыру және массаж» тақырыбында инновациялық жобасын таныстырды. Жобаның мақсаты емдік дене шынықтыру мен массаждың адам денсаулығына тигізер пайдасы мен тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану жолдары болатын.

Дене тәрбиесі кафедрасының оқытушысы, магистр Е.У.Акмуханов «Қазақ күресінің даму тарихы» тақырыбындағы инновациялық жобасында қазақ күресінің даму тарихына шолу жасап, олимпиадалық ойындар қатарына қосу, ұлттық брендке айналдыру, қазақ күресінің өзекті мәселелеріне тоқталып, шешу жолдарын қарастырды.

Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, магистр С.Б.Калаханова «ЖОО оқу үдерісінде Padlet виртуалды тақтасын қолдану мүмкіндіктері» атты инновациялық жобасында Padlet виртуалды тақтасын ЖОО оқу-тәрбие үдерісінде қолданудың мүмкіндіктерін анықтап, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету арқылы тиімділігін арттыру туралы баяндады. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда Padlet виртуалды тақтасын құрал ретінде қолдану жолдарын, оқу-тәрбие үдерісінде нәтижелерді өзара талдау, кері байланыс орнату және рефлексия жасаудың тиімді онлайн тәсілдерін ұсына білді. Жоба қатысушыларына көрермендер тарапынан сұрақтар қойылып, әр жобаның тиімділігі талқыланып, үздік деп танылғандары университетішілік инновациялық жобалар конкурсына ұсынылды.

22-26 ақпан аралығында «Қашықтан оқыту жағдайындағы білім беру үрдісін жаңғырту» атты педагогика факультетінің әдістемелік апталығы оздырылды.

Әдістемелік апталықтың мақсаты - қашықтан оқыту жағдайында жоғары мектептің оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану арқылы оқытушылардың педагогикалық шеберліктерін арттыру, өзара тәжірибе алмасуын ұйымдастыру және жас оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту. Апталық барысында қашықтан оқыту жағдайында оқыту мен тәрбие үдерісін ұйымдастырудың ұтымды жолдары қарастырылатын ашық сабақтар, жас оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған шеберлік сыныптар, инновациялық технологияларды қолданудағы жаңашыл идеялар бастамасы болар инновациялық жобалар конкурсы, студенттердің шығармашылық қабілеттерін мен таңдаған мамандықтарына қызығушылықтарын арттыру бағытындағы үйірме жұмыстары, салауатты өмір салтын насихаттайтын спорттық жетілдіру секциясы, педагогикалық сараманның жүру барысы мен ғылыми-зерттеу жұмыстары талқыланып, магистранттармен жұмыс өткізіледі.

22 ақпан апталықтың ашылу салтанатында педагогика факультетінің деканы, п.ғ.к., доцент Г.А.Ергалиева «Қашықтан оқыту жағдайындағы білім беру үрдісін жаңғырту» тақырыбындағы баяндамасында қазіргі таңдағы білім беру үрдісінің жүзеге асуы мен интерактивті

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР КОНКУРСЫ

# Басқарудың инновациялық стилін қалыптастыру

Педагогика факультетінде 22-26 ақпан аралығында ұйымдастырылған «Қашықтан оқыту жағдайындағы білім беру үрдісін жаңғырту» атты әдістемелік апталықтың аясында 23 ақпан күні «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2-курс студенттеріне оқытып жүрген «Білім берудегі менеджмент» пәні бойынша «Басқарудың инновациялық стилін қалыптастыру» тақырыбында шеберлік сыныбын өткіздім. Шеберлік сынып екі бағытта жалғасты. Студенттер дәріс кезінде басқару стильдерін ертегі желісінде жасырын баяндау жөнінде берілген тапсырманы орындағандарын көрсетті. Тапсырманы топтасып орындағандықтарын әр топтың басшылары баяндап өтті.



Мұнда студенттер келесі топқа көпшілікке таныс ертегіні баяндай келе, мәтінінде қандай стиль жасылғанын анықтады. Кейін студенттер 6 аптада пәнді меңгеру барысында апталық тапсырмаларының бір бөлігі «Telegram» әлеуметтік желісінде орындаған жұмыстарына тоқталды. Білім беруді іске асыру тәрбие арқылы үздіксіз жүргізіліп отыру қажет екенін дәлелдеу мақсатында қазіргі қашықтан оқыту жағдайында студенттермен кері байланысты тек сабақ уақытында емес, аудиториялық қарым-қатынастың орнын алмастырып отырған ZOOM

платформасында сабақтарға қосылып, онлайн режимінде әрқайсысының өзінің мәдениетіне, сөйлеу мәнеріне өте көңіл аударғандары жөн екені туралы әр сабақта менің тарапымнан айтылып өткендіктен, осының элементтерін енгіздім. Оның бірі - бірыңғай барлық студенттердің университет эмблемасын байланыс кезінде экранға орналастыруды ұсындым. Бұндағы менің мақсатым - оқытушы қашықтан болсын студенттер алдында адал, әділ, сауатты басшылық етудің жолдарын меңгерген жағдайда оқу - тәрбие барысында кездесіп отырған кейбір уақытта кедергілерді еңсеруге болады деп есептеймін. Осы шеберлік сынып сағаты менің әртүрлі мамандықты оқып жүрген студенттермен атқарылып жүрген жұмысымның тек қана бір бөлігі. Сондықтан басқару дегеніміз - жақсы адамдардың жұмысына кедергі келтірмеу дегендей, білім алушылардың алдарында туындаған әр кедергіні жеңе білуге, қабілетті студенттерді қашықтан оқыту кезінде де тиімді жаңаша тәсілдерді қолдану арқылы анықтап, оларға өздері мен өзгелер үшін де жауапкершілікті сезінуді тәрбиелеу деп білемін.

**Ләззат МАДЕНОВА,**  
Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының аға оқытушысы, педагогика және психология магистрі

Педагогика факультетінде «Қашықтан оқыту жағдайындағы білім беру үрдісін жаңғырту» атты әдістемелік апталық аясында 23 ақпанда оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған шеберлік сыныптар оздырылды.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті «Жан жылуы» инклюзивті білім беру орталығының жетекшісі, педагогика және психология кафедрасының оқытушысы А.Ж.Кенжеғалиеваның «Қашықтан оқыту жағдайында ерекше білімді қажет ететін студенттерді психологиялық-педагогикалық қолдау» тақырыбындағы шеберлік сыныбы квест ойыны желісінде басталып, тапсырмалар орындау арқылы студенттерді педагогикалық-психологиялық қолдаудың түрлері анықталды, тренингтер жүргізіліп, педагогикалық қолдауда жаңа технологиялар, қосымшалар таныстырылды.

Дене тәрбиесі кафедрасының аға оқытушысы Л.И.Федорченконың жетекшілігімен «Өмір ұраны-салауатты өмір салты» атты шеберлік сыныбында



## Кәсіби біліктілік пен шеберлік — заман талабы

студенттерді салауатты өмір салтын сақтай білуге тәрбиелеу, салауаттылыққа дағдыландыру мақсатында Zoom желісі арқылы 100-ге жуық студенттермен жаттығуларды бірге орындап, теориялық мәліметтер беріліп, нұсқаулықтар көрсетілді.

Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының аға оқытушысы, педагогика және психология магистрі Л.М.Маденова «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2-курс студенттеріне «Білім берудегі менеджмент» пәні бойынша «Басқарудың инновациялық стилін қалыптастыру» тақырыбында шеберлік сыныбын

оздырды. Студенттер дәріс кезінде топқа бөліну арқылы басқару стильдерін ертегі желісінде жасырын баяндап, Telegram желісінде орындаған жұмыстарына тоқталды, кері байланыс орнатылды.

Дене тәрбиесін оқытудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы А.Ш.Байенов дене тәрбиесін оқытудың теориясы мен әдістемесі мамандығының 1-курс студенттерімен «Жекпе-жек бойынша оқыту әдістемесі» тақырыбында шеберлік сыныбын өткізіп, жаңа технологияларды қолдана отырып теориялық мәліметтерді игертумен қатар, жекпе-жек күресінің тәжірибелік тәсілдерін шебер көрсете білді.

## Қашықтан оқыту жағдайындағы білім беру үрдісін жаңғырту

оқу материалдарының ерекшелігін есепке ала отырып қашықтан оқыту технологияларын қолдану әдістемесін жетілдіру жолдарын таныстырды.

«Қашықтан оқыту форматын мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасында ұйымдастыру іс-тәжірибесінен» тақырыбында мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының меңгерушісі Д.Ф.Хабиева қашықтан оқыту жағдайында құзыреттілікке негізделген тәжірибеге бағдарланған білім берудің әдіс-тәсілдерін қолдану негіздерін баяндады.

Педагогика және психология кафедрасының оқытушысы, магистр Б.Н.Тулегенова «Эмоционалды «жану» синдромының алдын-алу» тақырыбында оқытушылармен ағарту жұмыстарын өткізіп, эмоционалды жану синдромының алдын-алу үшін өзін-өзі ретке келтіруге арналған әдістер топтамасын таныстырды. Оқу кинесологиясы жас шамасына тәуелсіз, денедегі әлеуетті суырып шығару арқылы адамның мүмкіндіктерін арттыру

жүйесі екендігін атап өтіп, қатысушылармен тренинг өткізіп, пікір алмасты.

Дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі Л.В. Демченко қашықтан оқыту жағдайында дене тәрбиесі кафедрасы оқытушыларының салауатты өмір салтын сақтай отырып оқу үдерісін ұйымдастыру жолдары мен тәрбиелік шараларды тиімді өткізу тәсілдерімен бөлісті.

Дене тәрбиесін оқытудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының оқытушысы А.Б.Капанов «Болашақ дене тәрбиесі мамандарын кәсіби дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбында дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындаудың теориялық негіздері мен әдіснамалық аспектілеріне шолу жасап, ел мақтанышы болған біздің спортшыларға тоқталды.

Сонымен қатар факультет оқытушылары С.Ф.Баяюканская, Ю.М.Жидкова, А.М.Мулдағалиев, А.А.Жумабаевалардың ашық сабақтары оздырылып, тәжірибе алмасты.



## Магистранттармен жұмыс

«Қашықтан оқыту жағдайындағы білім беру үрдісін жаңғырту» атты әдістемелік апталықтың аясында 26 ақпан күні педагогика факультетінің профессор-оқытушылар құрамы қазіргі таңдағы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен педагогикалық сараманның жүру барысын талқылау мақсатында магистранттармен жұмыс оздырды.

Дене тәрбиесін оқытудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының доценті, п.ғ.к. Р.Н.Испулова «Дене



шынықтыру және спорт мәселелері» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізіп, дене шынықтыру және спорт, бастапқы әскери дайындық білім бағдарламаларының даму перспективалары мен құзыретті мамандарға жауап беріліп, келелі мәселелер талқыланды.

Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының доценті, п.ғ.к. И.У.Хасанова «Қашықтан оқыту жағдайында ЖОО-да магистранттардың педагогикалық сараманын өткізу мәселелері» атты магистранттармен бірлескен шара өткізіп, қашықтан оқыту кезіндегі сараманнан өтудің қиындықтары мен артықшылықтарына тоқталды. Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығының магистранттары педагогикалық сараманнан өту барысын тәжірибе жүзінде жан-жақты талдап, қашықтан оқыту жүйесінде бастауыш сынып оқушыларына білім беруде қолданылатын жаңа технологияларымен бөлісті. Магистранттармен бірлескен жұмыс соңында қойылған сұрақтарға жауап беріліп, қашықтан оқыту



жүйесінің тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылып, ұсыныстар айтылды.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында дене тәрбиесі кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы хан тоғайы шаңғы трассасында «Шаңғы шақырады-бізге қосылыңыз!» атты шаңғы тебуден шара ұйымдастырды. Шара барысында теориялық нұсқаулықтар таныстырылып, шаңғы тебуге белсене қатысып, жақсы көрсеткіш көрсеткен студенттер мен оқытушыларға алғыс хаттар берілді.

«Қашықтан оқыту жағдайындағы білім беру үрдісін жаңғырту» атты әдістемелік апталықтың аяқталуына орай оздырылған бұл шара қашықтан оқыту жағдайында таза ауада шынығудың маңыздылығын ұғындырғандай.

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҚТАРЫНА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ

«Қашықтан оқыту жағдайындағы білім беру үрдісін жаңғырту» атты әдістемелік апталықтың аясында 25 ақпан күні педагогика факультетінде студенттердің шығармашылық қабілеттері мен таңдаған мамандықтарына қызығушылықтарын арттыру бағытында үйірме жұмыстары мен спорттық жетілдіру секциялары оздырылды. Атап айтқанда педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, магистр Н.Е.Муканованың жетекшілігімен «Қызықты психология» атты үйірме жұмысы «Пандемиялық дағдарыстан шығудың психологиялық жолдары» тақырыбында өрбіп, дағдарыстың адам психикасына әсері мен қашықтан оқытудың артықшылықтары баяндалып, арттерапиялық жаттығулар арқылы күйзелістен шығу жолдары көрсетіліп, «Адам бейнесін сал» әдістемесі мен «Кел, танысайық», «Алғыс айту» тренингі өткізілді.

Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының оқытушылары О.А.Панищева мен Б.Е.Ерболат «Шебер қолдар» үйірме жұмысында «Қолөнерден сыр ұққан шебер қыздар» тақырыбында бетперде тігу жолдарын таныстырып, бетперде тігуді үйретті. Үйірме жұмысы арқылы студенттердің қолданбалы өнерге қызығушылығын арттырып, олардың кеңістіктегі қиялын, байқағыштығын, тапқырлығын, көрнекі - бейнелі ойлауын, шығармашылық ойлауын, эстетикалық талғамын дамыта білді. Студенттер өз қолдарымен бетперде тігіп, ойларымен бөлісті. Не үйренгенін, өздеріне қандай пайдалы ақпарат алғандарын жеткізді.

Дене тәрбиесін оқытудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы А.М.Хайрашев «Қаруды ұстау және бөлшектеу ережесі, автоматты құрастыру» тақырыбындағы спорттық жетілдіру сабағында студенттерді автоматты шашу және жинауды уақытқа емес, оны дұрыс жүзеге асыруды үйрету, қару-жарақты қолдану және мақсат қою тәртібін түсіндіріп, тәжірибе жүзінде көрсетті.

Дене тәрбиесі кафедрасының оқытушысы, магистр Қ.Т.Қашқынбай студенттердің спорттық шеберліктерін

жетілдіре отырып, салауатты өмір салтына тәрбиелеу мақсатында «Штанга спорт құралында әртүрлі қалыпта орындалатын жаттығулар» атты спорттық жетілдіру секциясын өткізіп, штанга спорт құралында әртүрлі қалыпта орындалатын жаттығулар негізінде қол, иық, арқа, білек күштерін дамытып, қол күресінің әдіс-тәсілдеріне жаттығу мақсатында штанга, гантель т.б. арқылы күш және ептілік қабілеттерін арттыра білді.

Педагогика және психология кафедрасының оқытушысы, магистр А.Т.Даулетова «Мінез-құлқы қиын балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстары» тақырыбында үйірме жұмысын өткізді. Үйірме жұмысының мақсаты - студенттерді мінез-құлқы қиын балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстарымен таныстыру. Үйірме жұмысының басында студенттерге «Трудный ребенок» фильмінен үзінді көрсетілді. Қиын балалардың оқу үлгерімін, бос уақытын қадағалауды студенттерге түсіндіру мақсатында баяндама оқылды. Студенттер қиын балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстарына, соның ішінде түс терапиясы, ертегі терапиясы, оригами жаттығуы және сурет терапиясына тоқталды.

25 ақпан күні педагогика және психология кафедрасының «Қызықты психология» атты кезекті үйірме жұмысы «Пандемиялық дағдарыстан шығудың психологиялық жолдары» тақырыбында оздырылды. Алдымен студенттердің ойларын бір арнаға шоғырландыру мақсатында «Кел, танысайық» тренингі өткізілді.

### ПАНДЕМИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫСТАН ШЫҒУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Үйірме жетекшісі - аға оқытушы, магистр Н.Е.Муканова әлемді шарпыған пандемия әсерінен өткен жылдың наурыз айынан бастап карантин жүйесінің енгізілуіне байланысты қашықтан оқытуға көшуіміз бен тұрмыс-салтымыздағы шектеулер адам санасына өзгеріс әкеліп, ішінара дағдарыс тудырғандығы туралы баяндап, психологиялық аспектілеріне тоқталды.

Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 2-курс студенті Ш.Қадырова «Қашықтан оқытудың рөлі мен маңыздылығы» тақырыбында мазмұнды баяндама оқып, дәстүрлі оқыту мен қашықтан оқыту үдерістеріне салыстырмалы талдау жасады.

«Пандемиялық дағдарыстың адам психикасына әсері» тақырыбындағы психологиялық ой-тұжырымдамалары мен күйзелістен шығу жолдары туралы педагогика және психология мамандығының 3-курс студенті С.Қайнешова баяндады. Педагогика және психология мамандығының 3-курс студенті Э.Сарсенғалиева жеке тұлға типтерін ажыратып, мінез бітістерін сипаттайтын «Адам бейнесін сал» әдістемесін өткізу арқылы психологияның қызықты тұстарымен таныстырды.

Арттерапиялық жаттығулар арқылы күйзелістен шығу жолдарының теориялық негіздерін педагогика және психология мамандығының 2-курс студенті Қ.Нұртазаева таныстырып, өнер терапиясы түрлерінің адам денсаулығына пайдасын атап өтті. Құм терапиясының үй жағдайында жасалу жолдарын, жұмыс жасау тәсілін педагогика және психология мамандығының 3-курс студенті Н.Меңдеева таныстырды. Библио терапия туралы қызықты мәліметтерге тоқталып, «Ұстап ал» аффирмациялық әдістемесін әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 2-курс студенті Ж.Балғабаева өткізді. Педагогика және психология мамандығының 2-курс студенттері А.Олжағали әуезді дауысымен тамылжыта ән шырқап, музыка терапиясының маңыздылығын айтып өтсе, Б.Толыбаева би терапиясының адам жанына әсерін сипаттады. Ал А.Үсенғалиева сурет салу арқылы керемет туынды жасап, өз ойымен бөлісті. Үйірменің кезекті жұмысы «Рахмет айту» атты алақанға сурет салу тренингімен аяқталып, студенттер алған әсерлерін жеткізіп, пікір алмасты.

Алтынай ҮСЕНҒАЛИЕВА,  
Педагогика және психология мамандығының  
2-курс студенті

## Бос уақыттарын тиімді пайдаланды

Ағымдағы жылдың 28 ақпанында М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультеті ұйымдастырған «StudKвест» жобасы өтті.

Мақсаты - бірлескен командалар құру арқылы ұйымшылдыққа, өзара бірлікке шақыру, көшбасшылық қасиеттерді, қолдау мен ынтымақтастықты дамыту. Оған 6 команда қатысты. Сайыс барысында арнайы карта беріліп, студенттер картада берілген жерге барып, тапсырма орындады. Қызықты, тартысты ойындар көп болды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған сұрақтар қойылып, қазіргі заман ағымындағы «Тік-Ток» әлеуметтік желісі арқылы түрлі бейнелер түсірілді.

Студенттер зияткерлік ойлау қабілеттерін арттырып, бос уақыттарын тиімді пайдаланып, патриоттық сезімдерін күшейтті. Жастар арасында теріс



іс-әрекеттерге қарсы ойлардың қалыптасуы мен құқық бұзушылықтың алдын алуға дағдыланды.

Гүлсезім СЕРІКБАЕВА,  
ПиМНО-11 тобының студенті



Университеттің 90 жылдығына орай



## ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ — ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ

Ұстаз - ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындаып тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік

рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор.

«Өзі білу мен өзгелерге білдіру екі басқа. Білгенін кісіге білдіру, яғни шәкірттеріне жеткізу өз алдына бір ғылым» - деген екен Міржақып Дулатов. Кез келген мұғалім ұстаз бола алмайды. Себебі ұстаздық – тағылымы терең өнер. Ал өнерлі болу кез-келген адамға қона бермейді. Ұстаз болу үшін жүректің батырлығы, сезімнің ақындығы, күн шуағындай алтын мінез керек. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкірттерінің жанына нұр құйып, өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізем деп жүретін ұстазымыз М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Жаратылыстану-география факультеті Биология және экология кафедрасының доценті, биология ғылымдарының кандидаты Бимагамбетова Гульнара Адилгиреевна өз шәкірттеріне білім беруде аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздарымыздың бірі десек артық айтқандық емес.

Ұстазымыздың 2019 жылда бірнеше жетістіктерге жеткендігіне куә болып келеміз. Атап өтсем, «Үздік ғылым кандидаты - 2019», Тәуелсіз мемлекеттер достастығының I халықаралық ғалымдар энциклопедиясына биология саласы бойынша енгендігі және Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын білім беру ұйымдарының педагогтары арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткен «Қазақстанның құрметті ұстазы» атты республикалық байқауының жеңімпазы атанса, 2021 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық

диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауындағы білім беру саласына байланысты бағыттарын білім беру ұйымдарының педагогтары арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткен «Қазақстанның құрметті профессоры» атты республикалық байқауда жеңімпаз атануы шәкірттері үшін қуантарлық жайт болды.

Шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының өрендерін тәрбиелеп шығару - екінші бірінің қолынан келе де бермейді. Ұстаз болу – жүрек жылуын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын баланың бойына дарыту, шәкіртке ата-анасындай тәрбие беру, жас ұрпақтың жарқын болашаққа барар жолын айқындап беру. Осы қабілеттің барлығы ұстазымыздың бойынан табыла білгендей.

Қай заманда болсын ұстаздарға құрмет жоғары болған. Әл-Фараби бабамыз: «Тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді жандарға ілтипат таныту – адамгершілігінің ілгері басыуының бір қадамы. Өйткені, ұстазға құрмет көрсету – білімге құрмет көрсету» - деген болатын.

Ұстазымыздың берген білімі жай құр сөз күйінде қалмай, білім берген шәкірттерінің талайы білім беру саласында өз нәтижелерін көрсетіп, жетістіктерге жетіп, ұстазынан үйренген әдіс-тәсілдерді оқу процесіне енгізіп жүргендері де көп.

Жас маман болсақ та кәсібімізде ұстазымыздан алған білімімізді қолданып асуларды алатынымызды сеніммен айта аламыз, әрі шәкірттерінің жетістіктері ұстазымызды қуанышқа бөлейтіндігіне сеніміміз мол.

Адам сүйген ісіне жан-тәнімен беріліп, оған өзінің барлық күш-жігерін жұмсаған кезде марапат пен сый-құрмет өзі іздеп келеді. Біліктілігіңіз бен іскерлігіңізді орайлы ұштастыра отырып, білім беру ісіне сүбелі үлесіңізді аянбай қосып келе жатқан ардақты ұстазымызға алдағы уақытта шығармашылық табыс, жемісті еңбек, сарқылмас қуат тілейміз. Өлшеусіз өнегелі кәсіпті меңгерген өр мұғалімдер амандықта болсын!

**Зарина СЕРИКОВА,**

*Жаратылыстану-география факультетінің түлегі*

## Менің Отаным – Қазақстан

3 наурыз күні тарих, экономика және құқық факультетінің есеп және қаржы кафедрасының аға оқытушылары Баудиярова Э.Н., Тогжанова А.К. және қаржы, есеп және аудит мамандықтарының 1-курс студенттерінің ұйымдастыруымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Менің Отаным - Қазақстан!» атты мәдени-танымдық кеш өткізілді.

«Тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешуінен, беттен қағар желінің есуінен тайсалмауға тиіспіз» деп Тұңғыш Президентіміз айтқандай, алдымен Тәуелсіз Қазақстанның тарихы туралы баяндама оқылды. Туған ел жетістіктерімен танысқаннан кейін әр ұлт өкілдері (орыс, түрік, өзбек, кәріс, шешен) өз тілдерінде өте керемет әсерлі тілектерін жеткізді. Сонымен қатар республикамыздың жетекші университеттері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Нархоз университеті, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық

университетінің студенттері Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына ұйымдастырылған челленджді қабыл алып, құттықтау жолдады.

Бұл көрсетілімдерден басқа қазақтың ұлттық билері биленіп, әсем ән айтылып, тәуелсіздікке арнау оқылды.

Кеш соңында Тарих, экономика және құқық факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Майманова Нұршат Нұрқановна және есеп және қаржы кафедрасының аға оқытушысы Жангаливна Рая Уәлиевна өз пікірлерін білдіріп, шараның ұйымдастырушыларына алғыстарын білдірді.



Наши выпускники!

**Здравствуйте, уважаемый ректор ЗКУ им. М.Утемисова!**

В Вашем лице приветствую и поздравляю весь коллектив ЗКУ с праздником Наурыз! Я от души желаю всем-всем вам здоровья и успехов, ни пуха, ни пера, благополучия, всех благ! Чтобы наш Казахстан, вступивший уже в 30-ый год независимости (16 декабря), процветал. А мы, все казахстанцы, жили в дружбе и согласии под нашим общим Шаныраком – всегда!

Хотела бы поблагодарить за то, что напечатали мою заметку в университетской газете (№10, 2021г., стр.8). Спасибо Вам! Я как-будто бы опять вернулась в те славные студенческие годы, вспомнила однокурсников и преподавателей всех – тех лет... Светлая память; низкий поклон им за знания! Рахмет! Горжусь тем, что я училась в старейшем вузе Казахстана!

До свидания. Всего доброго!

**Бывшая студентка (1965-70 гг.), ветеран педагогического труда, Тамара Васильевна Кудряшова. с. Дарьинское.**

## Ұлт болашағы - дені сау, жаны таза жастар

ФИЛ-11 тобының кураторы Раушан Жаңабайқызы және де студенттерінің ұйымдастыруымен «Ұлт болашағы - дені сау, жаны таза жастар» атты кураторлық сағат оздырылған болатын. Шараға Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің медпункт дәрігері Бигельдиева Венера Толқынқызы мен БҚО әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталықтың педагогі Үмбетова Гульнара Кимовна қонақ ретінде шақырылды.

Шара барысында қазіргі таңда елімізде белең алған пандемиямен күрес жолдары, оның алдын алу шаралары жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, тобымыздың студенттері Қазбек Айбек «Мінәжат» өлеңін оқыса, Байрамбай Тілектес өз шығармашылығынан өлең оқып шара сәнін келтірген болатын.

Жер жаһанды жаулаған пандемия әлі де болса өз күшін жоймады. Қазіргі таңда сақтық шараларын міндетті түрде қолданып, өзденсаулығымызға қарайлап жүру ең басты міндет екенін естен шығармау керек.

**Ұлдана ӨТЕМІСҚЫЗЫ,**  
*Фил-11 тобының студенті*

## Қазақстанның киелі орындары – еліміздің ертеңі

Жаратылыстану-география факультетінде Б.Х.Ходжанованың басшылығымен, Г-31 тобының ұйымдастыруымен «Қазақстанның киелі орындары – еліміздің ертеңі» атты ашық кураторлық сағат өткізілді.

Ашық кураторлық сағат барысында студенттеріміз өз елінің, жерінің киелі орындары туралы білетіндіктерін айтып, сұрақтармен алмасты. Студенттеріміз қызықты да маңызды ақпараттармен алмаса отырып, көптеген маңызды ақпараттарды білді.

Бүгінгідей жаһандану дәуірінде жұтылып кетпеу үшін рухани-мәдени мол мұрамызға мән беріп, ұлттық құндылықтарымызды саралау, рухани географиялық, тарихи-мәдени белдеудегі қасиетті жерлерімізді жаңғыртудың маңызы зор.

Ашық кураторлық сабақтың соңында осындай киелі орындарымыздың арқасында біз өте әдемі әрі мықты ел екендігімізге тағы да бір рет көзіміз жетті.





# Даңқты дара тұлға

Наурыз айының 2-жұлдызында тарих, экономика және құқық факультеті мен БҚУ ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен «Даңқты дара тұлға» атты әскери қайраткер, қазақтан шыққан тұңғыш генерал Шәкір Жексенбаевтың туғанына 120 жыл толуына арналған танымдық көш өткен болатын. Қазақ даласында жаңа заман орнауына еңбек сіңіріп, Азамат соғысы, Ұлы Отан соғысына қатысып, әскери химияның майталман маманы ретінде Ленин, 4 мәрте «Жауынгерлік Қызыл ту», «Отан соғысы», «Қызыл жұлдыз» т.б. орден-медалдармен марапатталған қазақ генералы Шәкір Жексенбаевтың жасаған ерліктері ешқашан ұмытылмайды.

Шарамызға Шәкір Жексенбаевтың немересі, техника ғылымдарының докторы, профессор, Айталиев Ермек Сатпаевич және шәберелері, Батыс Қазақстан облыстық Хан Ордасы тарихи-мәдени, архитектуралық-этнографиялық музей-қорығының бөлім меңгерушісі Каримов Алихан Асқарұлы, Ғарифолла Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясының әншісі Ақмарал Ахметова, БҚУ ғылыми кітапханасының қызметкерлері және Тарих, экономика құқық факультетінің студенттері қатысты.

Кешті Тарих, экономика және құқық факультетінің декан орынбасары Майманова Нұршат Нұркановна алғысөзбен ашты. Одан әрі Сағидулла Альбина «Бұл кешегі жауынгердің ұрпағы» атты өлеңімен, Каримова Карина «Соғыс» өлеңімен, Қайырболат Ақтілек «Жеңіс солдатты» атты өлең шумақтарымен, Адилев Нұрпейіс «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңімен және Дукес Ақтотының орындауында Степан Кадашников «ВЕТЕР ВОЙНЫ» өлеңімен жалғастырды. Сонымен қатар «Халықаралық қатынастар» және «Аймақтану»



мамандығының 3-курс студенттері, Тұңғыш Президент атындағы шәкіртақы иегерлері Маратоға Айзере мен Тынышбаева Гүлжайна қатысушыларға қазақтан шыққан тұңғыш генерал-майор Шәкір Жексенбаев жайлы толығырақ ақпараттарды жеткізді. Кешті Муратова Гүлнур «Землянка» атты әсем өнімен өрлендірді.

Шәкір Жексенбаевтың немересі, техника ғылымдарының докторы, профессор Айталиев Ермек Сатпаевич өзінің зор алғысын білдіріп, алдағы уақытта ержүрек генерал-майор Шәкір Жексенбаевтың атын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу керектігін атап өтті. Ғарифолла Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясының әншісі Ақмарал Ахметова «Қазақстан» әнін өзінің әріптестерімен керемет орындап шықты. Кеш соңында қатысушылар конференциядан алған құнды деректер үшін алғыстарын айтты.

**Бекзада ЗАДАГЕРЕЕВА,**  
Халықаралық қатынастар мамандығының  
3-курс студенті

## Алғыспен өрілген азамат күн

Осы елде тамыр жайдық біз,  
Ардагерлерге мың алғыс!

Қыстың суық ызғарынан шаршаған біз, көктем келерде ерекше өзгерісті, жаңалықты күтеріміз анық. Қиындыққа қарамастан, қар астынан бұр жарып шығатын бәйшешектей, көктем де қысты еңсеріп келеді. Көктемнің алғашқы күнімен бірге жылылығын ала келген алғыс айту мерекесі де өмірімізге сыналап еніп жатыр. Бұл



күн – тәуелсіз Қазақстанды дамыту мақсатында түрлі қиындықтарды еңсерген ел азаматтарының бір-біріне деген құрметінің белгісі. Осы мерекеге орай Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің тарих, экономика және құқық факультетінің білімгерлері, ерікті жастар алғыс айту мерекесінде ардагерлерді құттықтады. Қан майданда, от пен оқтың ортасында өз өмірін қатерге тіккен, біз үшін аянбай еңбек еткен ардагерлеріміз, ҰОС ардагері Суюншалиев Халам Жумашевич, Ұлы жеңіске қол жеткізген майдангерлерден қалыспай қажырлы еңбек еткен тыл ардагері Султанова

Фаруза Ниетовна, ҰОС ардагерінің жесірі Букаткина Нина Алексеевнаға басымызды иіп, алғыс жаудырамыз.

Ұлы жеңістің жақындауы үшін ардагерлеріміздің қиған жаны мен төккен қанын аяқ асты ету – елдігімізге сын. Ардагерлеріміздің батырлығы мен жеңісті жолының үзілмеуі болашақ ұрпақ үшін маңызды. Осы мақсатта ұйымдастырылған кездесуден жастарымыз екі ғасырдың күесі болған ардагерлердің рухты ерліктерінен ғибрат алып, қанаттанып қайтты. Соғыс ардагерлері біздің тәуелсіздігімізге, мамыражай, тыныш, бейбіт күннің келуіне жол ашты. Біздің ардагерлерге жасаған құрметіміз, алғысымыз олардың Отан үшін жасаған ұлы ерлігінен кем түспеуі тиіс. Ардагерлер саны өте аз. Сондықтан тірісінде қадірлеп, алғыс айту – бізге парыз. Ардагерлер біздің ұрпақтың бақытты ұрпақ екенін жеткізді. «Осындай бейбіт заманда, тәуелсіз мемлекетте өмір сүретін сендер бақыттысыңдар. Елімізге еңбек сіңіріп, көркейту – тек сендердің қолдарыңда. Болашақ ұрпақ, еліміз сендерге аманат. Еліміз гүлденсе, біздің де аманатымыздың орындалғаны. Сендер мықты, білімді болсаңдар ешбір ел басына алмайды», - деп өсиет айтты.

«Неменеге жетістің бала батыр,  
Қариялар азайып бара жатыр.

Бірі мініп келместің кемесіне,

Бірі күтіп, әнекей жағада тұр», - деп Мұқағали ақын тебірене жырлаған еді. Қарияларымыз азайып, жыл сайын орны ойсырап барады. Ерлер де, ерлік те ұмытылмайды. Алғыс айту мерекесі ұрпақтар сабақтастығы мен екі ғасыр өкілінің тоғысқан жарқын мерекесі болып есте қалды. Бұл күн бізді бұрынғыдан бетер мейірімділікке, қайырымдылыққа үндеп, жақындастырған күн болды.

**Альбина САҒИДУЛЛА,**  
Тарих, экономика және құқық факультетінің  
1-курс студенті

## Қазақ поэзиясының хан тәңірі!

22 ақпан күні Құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы Куспанова Айгерім Жалғасқызының ұйымдастыруымен «Қазақ поэзиясының хан тәңірі!» атты Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арналған әдеби сазды кеш өтті.

Кештің мақсаты - қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған ақынның өмірі, шығармашылығымен таныстыру, ақынның поэзия құдіреті мен әндерін таныту.

Құқықтану мамандығының 2-курс студенті Қайырболат Ақтілектің бастауымен «Поэзия» өлеңін 1-курс студенті Мағзом Қанаттың оқыуымен әдеби сазды кеш жалғасын тапты. Мұқағали Мақатаев туралы қызықты деректерді Олиева Алуа оқып берді. Одан әрі Юр-33 тобының студенті Мұхамбетжан Аманжанұлының орындауындағы өн мен Ерлан Жүністің «Мұқағали дауысы» атты өлеңін Жумажанова Мейржанның оқыуымен жалғасты.

Ақиық ақынның ауқымды тақырыбының бірі махаббат туралы өлеңдерін Сатыбалдиева Диньназ, Исабекова Гульшат оқып берді. Марленова Асылзада, Абдрахманова Асель, Сариева Гүлдана, Куаналин Еркасым, Сайлаубайқызы Балнұр сынды студенттер де кешке белсене қатысты. Ал Бақытова Айкөркем, Аманжол Меруерт, Мұратова Гүлнұр өз өнерлерін ортаға салды.

Кеш соңында М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Түймеш Малбағарқызы студенттерге өз кеңесін айтып, Жастар ісі жөніндегі комитеттің аға консультанты Жанбота Есенғалиевна студенттерге әрі қарай оқуда сәттілік тіледі.

**Ақтілек ҚАЙЫРБОЛАТ,**  
Юр/у-29 тобының студенті

Жуырда Х.Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрында «Мұқағали, Нұрғиса» драмасы өтті. Оқиға қазақтың біртуар тұлғалары композитор Нұрғиса Тілендиев пен мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың арасында өрбиді. Қос тұлғаның өн шырқап отыратыны, шырққан сәттері осы драма барысында көрініс тапқан. Екеуінің шығармашылығының нәтижесінде ең керемет, мәңгі өлмейтін әндер туады. Спектакль Мұқағали композиторға аманаттап кеткен «Есіңе мені алғайсың» өлеңіне өн жазумен қорытындыланды.

## Ерекше әсермен оралдық

М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультетінің 1-курс студенттері осы кереметтей драмаға куә болдық. Бұл драмадан алған әсерімен бөлісу үшін ПиМНО-11 тобының студенті Сағидуллиева Аружаннан сұхбат алып, оның пікірін білдік. Аружан өз сөзінде:

«Қойылымның кейіпкерлері-қазақтың аңызға айналған қос тұлғасы композитор Нұрғиса Тілендиев пен ақын Мұқағали Мақатаев. Шығармаға ақын өмірінің соңғы күндері, қаламгер мен сазгердің шығармашылық тандемі, «Құстар қайтып барады», «Саржайлау», «Есіңе мені алғайсың...» әндерінің шығу тарихы өзек болған. Қазақтың маңдайына біткен ұлы тұлғалардың өмірі, тағдыры көз алдымызға келгендей болды. Осы көріністі әсерлі жеткізген актерлардың шеберлігіне ризамыз, - деп өз лебізін білдірді.

Театрды «рухани өнердің қара шаңырағы» деп бекер атамаған. Осынау киелі шаңырақта әдебиет пен музыканы ұштастырған бұл спектакль әр көрерменнің жүрегіне ерекше әсер қалдырғаны мәлім.

**Гүлсезім СЕРІКБАЕВА,**  
ПиМНО-11 тобының студенті

**Қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген Ұлы ақын, жырау Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толып отыр. Осы орайда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кітапхананың ұйымдастыруымен «Жүз жыл жырлаған жүрек» атты әдеби – сазды кеш өтті.**

Кештің мақсаты - жыр алыбы Жамбыл атамның ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүю, оны бағалай білуге дағдыландыру, ақын өлеңдерін, поэзиясын сүйе білуге үйрету. Шығармалары арқылы ұлтжандылық сезімін тартып, адамгершілікке, елінің өнерін сүюге тәрбиелеу. Шара барысында жастар ісі жөніндегі комитеттің аға консультанты Ешимова Жанбота Есенғалиқызы ақын Жамбыл атамның шығармашылығын кеңінен атап өтті. Сонымен бірге филология, педагогика, мәдениет және өнер факультеттерінің студенттері өз өнерлерін ортаға салды. Айтбай Ақнұр, Аймұрат Назерке, Нурбулатова Ботагөз, Еркінов Айдар, Сарман Ақмерей, Сағидуллаева Аружан ақынның өлеңдерін мәнерлеп нақышына келтіре жатқа оқыды. Филология факультетінің 1-курс студенті Иса Нұрасыл, мәдениет және өнер факультетінің 1-курс студенті Заиров Нұрдаулет Жамбыл мен Құлманбет айтысынан үзінді орындай келе кештің сәнін одан әрі қарай аша түсті. Филология факультетінің мың бұралған биші қыздары қазақ биімен өнерлерін ортаға салды. «Жүз жыл жырлаған жүрек» атты кітап көрмесіне ғылыми кітапхана кітапханашысы Нұрғалиева Садап библиографиялық шолу жасады. Көрмеде ақынның еңбектері, ол туралы жазылған әдебиеттер мен мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар тізбегі топтастырылған. Көрменің мақсаты - оқырманға Жамбыл атамның шығармашылығын кеңінен насихаттау. Кеш соңында Ғылыми кітапхана директоры Алимбекерова Тоты - Құс Еркінқызы белсенділік танытып қатысқан студенттерге өз ризашылығын білдірді. Артына өшпес мол-мұра қалдырған, Жамбыл атамның рухына мың тағзым.

ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК



# Әлемнің мәні - әйелде!

Халықаралық әйелдер мерекесіне орай тарих, экономика және құқық факультетінің белсенді студенттерінің ұйымдастыруымен «Әлемнің мәні - әйелде!» атты мерекелік концерт өткізілді. Кеште факультеттің 1-курс студенттері өнер көрсетіп, аяулы ұстаздар қауымын және факультеттің нәзік жанды аруларын құттықтады.

Шара басында тарих, экономика және құқық факультетінің студенттік деканы Елеусинова Альбина барша нәзік жандыларды мерекелерімен құттықтап, факультеттің гүлденуі мен өрлеуі жолында талмай еңбек етіп келе жатқан аяулы ұстаздар қауымына алғыс білдірді. Мерекелік концертте әсем әндер мен көңілді билер, домбырамен сазды күйлер мен гитарада әуезді әндер орындалды. Кеш соңында ұстаздар концерттің ұйымдастырушылары мен қатысушыларына алғыстарын білдірді.



## Аналардан туған небір даналар



5 наурыз күні Жаратылыстану-география факультетінде 8 наурыз Халықаралық Әйелдер мерекесіне орай ер азаматтар қауымы өздерінің кішігірім концерттік бағдарламасын ұйымдастырды. Бұл шара факультет деканы Ахан Аскарвичтің жылы лебіз, тілек білдіруімен басталды.

Шара барысында жігіттеріміз түрлі өнерлерін паш етіп, концерттік бағдарламаны ары қарай қызықты өткізуге ат салысты. Студенттеріміздің сегіз қырлы, бір сырлы екендігіне тағы бір мәрте көзіміз жетті. Ән айтып, гитара тартып, мөнерлеп өлең оқып бізді бір таң қалдырды. Кеш соңында факультеттің студенттік деканы Амангельдиев Мейрамбек Жумамуратулы өзінің тілегін білдіріп, 1-курс белсенділеріне Алғыс хат табыстады.



## Көктемнің шуағы – нәзік жандылар

Университетіміздің Мәдениет және өнер факультетінде Мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 1-курс студенттерінің ұйымдастыруымен 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне арналған «Көктемнің шуағы – нәзік жандылар» атты мерекелік іс – шара өтті. Сахна шымылдығы мың бұралған бишілердің «Көктем» хореографиялық композициясымен ашылды. Кейіннен сөз кезегі Мәдениет және өнер факультетінің деканы Қарлығаш Рахымқызына берілді.

«Жұмақтың кілті - ананың табанының астында» демекші, өмірде ана әке сезінбейтін үш ауыртпашылықты бастан кешіреді. Тоғыз ай жүктілік, ащы толғақ, бейнетті күндер мен түндер. Демек, біз, аналарымызға тек мерекеді ғана емес, басқа күндері де өзіміздің ризашылығымызды білдіріп, жақсы көретінімізді жиі айтып, бар кезінде қадіріне жетуіміз керек. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – өскелең ұрпақтың анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, құрметтеу, сыйлай білуге тәрбиелеу.

Концерттік бағдарлама барысында Шымкенттік Қосдаулет Оңқалбаев «Гүлімсің» әнімен жиналған көрермендердің көңілін бір көтерген болса, Гүлсезім Жәрдеммова «Анаңның қадірін біл» әнімен көзімізге жас ұялатты. Сонымен қатар, «Қазақ қыздары», «Ана-әке», «Солай ма?» және тағы да басқа әндер де шырқалды. Көрерменнің ыстық қошеметіне ие болған Саягүл мен Асылзаданың Понтамимасы жиналғандардың езуіне күлкі үйіріп, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Кеш соңында ұйымдастырушы Мәдени-тынығу жұмысының 1-курс студенттерінің орындауында «Мама» әні шырқалды.



Айгүлім ТАСЖАНОВА,  
Мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 1-курс студенті



## Қыздар сұлу көрінер қылығымен

Жуырда Батыс Қазақстан университетінің №4 оқу ғимаратында студенттік деканаттың ұйымдастыруымен «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» атты іс-шара өткізілген болатын. Шараға Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Дарын Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының аға оқытушысы, доцент, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актрисасы Мамбетова Асель Иманғалиқызы мен Мәдениет және өнер факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Музыкалық білім магистрі

Қуаншалиева Раушан Жәрдемқызы қатысты.

Шараның мақсаты - сыйлы қонақтардың өнер және өмір жолында түйген өнегелерін, ақыл-кеңестерін жас буынға дәріптеу.

Шара барысында көркем сөз оқылып, күй және ән орындалды. Асель Иманғалиқызы мен Раушан Жәрдемқызы қыздарға үлгі боларлық өмір жолдарымен, аналық ақыл-кеңестерімен бөлісті. Сонымен қатар, өнер жолына бет бұрғалы жүрген қыздарға Асель Иманғалиқызы біраз шабыт беріп, қолдау білдірді. Шара өте қызықты өтті.

Алтынай Төрмұратова,  
«Кітапхана ісі» мамандығының 1-курс студенті

## «БӘРІ ДЕ СІЗДЕР ҮШІН...»

Бар ізгілікті бойына жинаған, биязылық пен инабаттылықтың, сұлулықтың символы – әйел ғана. Елбасымыз: «Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман әлемінде әйел затын ерекше бағалайтын, қарындасты қатты қадірлейтін халықтың бірі де, бірегейі де біздің қазақ» дегендей заманымыз нәзік жанды алтын жүректердің жылуымен гүлденер...

Осы орайда, көктемнің шұғылалы мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Бәрі де сіздер үшін...» атты М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ерлер ұжымы мерекелік концерттік бағдарламасын тарту етті. Кеш ерлер ұжымының ізгі тілегімен басталып, университет ректоры, биология ғылымдарының кандидаты, профессор Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиевтің жылы лебізімен жалғасты:

– Құрметті, арулар! Сіздерді 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Көктемнің шуақты күнімен нұр шашып келетін бұл мереке ізгіліктің сәулесіндей. Ұлттың да, ұрпақтың да бесігін түзейтін, адамзатты тәрбиелейтін, бұл – біздің аналарымыз. «Әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген даналық сөз әрқайсысымыздың жүрегімізде. Біздің қазіргі қоғамда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттік және саяси мәселелерге белсенді араласып, қоғам мүшесі ретінде белді қызметтер атқаруда. Біздің университетіміздің байлығы ол – ардагер ұстаз-аналарымыз және олармен бірге абыройлы қызмет етіп жатқан әріптес қыздарымыз. Біз оларды әрқашан мақтан етеміз. Олар бүгінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге. Ең асыл қасиеттерді бойына жинаған аруларымызға мақтау да, марапат та лайық. Көктемнің шуақты мерекесімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, әр жанұяға ырыс, ынтымақ, баянды бақыт тілеймін! Сіздер жаққан шырақ мәңгілік сәнбесін, мерекелеріңіз құтты болсын! – деп университет аруларына игі тілегін арнады.

Әрі қарай мерекелік кеш концерттік бағдарламаға ұласты. Концерт шымылдығы ҚР еңбек сіңірген әртісі, музыкалық білім және вокал кафедрасының доценті Қанатқали Қожақовтың «Жайыққызы» атты әсем әнімен ашылды. Содан соң, Хореография мамандығының 1-курс студенттерінің орындауында «Татар» биімен көркемделіп, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, режиссура мамандығының оқытушысы, актер, режиссер Қ.Амандықов, Халықаралық қатынастар және көптілділік бөлімінің жетекшісі, PhD докторы В.Зубков, Музыкалық білім және вокал кафедрасының оқытушысы, магистр А.Кенжеғалиев, Жаратылыстану-география факультетінің деканы А.Тұрғымбаевтың көркем сөзбен өрілген жыр-арнауларымен айшықталды. Күй құдіретімен мереке жаңғырығын әуелеткен «Құрмет» орденінің иегері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, профессор Е.Нұрымбетов, Филология факультетінің деканы Ә.Мұханбетқалиев, университеттің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы М.Сүлейменов «Ерке сұлқым» күйін нақышына келтіре орындап, тарту етті. Одан әрі университетіміздің дыбыс режиссеры Қ.Нұрмұханов пен Жастар ісі жөніндегі комитет жетекшісі А.Қонысбаевтың орындауындағы «Мен сені құлай сүйгенмін» әні әсем лирика мен шалқар шабытты танытса, «Қазақстан халқы ассамблеясы» кафедрасының меңгерушісі, доцент Т.Шайхиевтің әуезді сазбен сүйемелденген жыр шашуы әйел затының асақтығын ұғындырғандай. Ал Дене тәрбиесінің теориясы мен оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы А.Молдағалиев, «Биология және экология» кафедрасының оқытушысы, магистр Ә.Құрмекеш, Кәсіби бағдар беру және маркетинг орталығының жетекшісі А.Аманбаевтан құралған трио орындауындағы ырғақты ретро әндер көңілге серпіліс сыйлағаны анық. Жыл сайын жаңашыл дүниелер жасаумен қуантатын бесаспап ерлер қауымы биыл да сол қалыптарынан таймады. Университет басшылығы, соның ішінде университетіміздің ректоры, профессор Нұрлан Хабиболлаұлы және академиялық мәселелер жөніндегі проректор, т.ғ.к., доцент Ә.Тасмағамбетов, ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, т.ғ.к., профессор Қ.Ахмеденовтың музыкалық ән шашуы жағымды мерекелік көңіл-күй сыйлағаны сөзсіз.

Жүректен шығып, бойды шымырлатып, таңдайда тақылдаған тәтті тілек те, құдіреті жан сарайын жадыратар әсем ән де, күй де, көркем би де болған осынау концерт өз мәресіне жетті.

Онлайн форматта өткізілген, керемет мерекелік әсер сыйлаған концерттің толық нұсқасын М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің YouTube арнасынан тамашалауды ұсынамыз.

Шұғыла ЕҢСЕП,  
Филология факультетінің 2-курс студенті



Көктемнің шуағы жанға жылулық сыйлайтынының айғағы - Наурыз келіп, жұрт қуанды. Батыс пен шығыс, күнгей мен теріскей жұршылығы салтты сақтап, дәстүрді дәріптеп, төс қағыстырды. Жасы бар, жасамысы бар мез-мейрам. Шуылдаған балашаға үй-үйді аралап, сәлем берді. Бауырсақ пен наурыз көжеге тойды. Осындай қызығы мол, дүбірлі мереке қарсаңында 15 наурыз күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Мәдениет және өнер факультетінің ұсынуымен «Жайлау күні және жоралғы сәттер» атты театрландырылған қойылымы сахналанды. Асқан шеберлікпен

жұртшылыққа ұсынылған қойылым қазақ халқының қанына біткен қонақжайлылығын, көңіл кеңдігін паш етті. Көрініс Түркиялық досымен ата-әжесінің жайлауына келген бозбаланың досына халқының салт-жоралғысын, ұлттық құндылықтарын, әдет-ғұрпын, Наурыздағы думанға толы өмірін таныстырумен басталып, ән-күй, биімен, ұлттық тағам, ойындарымен қызған дала тойын тамашалауымен өрбиді. Талантты студенттер Наурыздағы сол бір оқиғаны әсерлі, өз өрнегінде жеткізе білді.

Қошеметке бөленген өнерпаздарға көрермен өз ризашылығын білдірді.

## НАУРЫЗДАҒЫ ЖАЙЛАУ КҮНІ САХНАЛАНДЫ



## Көрісу мерекесіне арналды

12 наурыз күні М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультетінде Көрісу мерекесіне орай ұйымдастырылған шара өтті. Мақсаты - студенттерімізді қазағымыздың салт-дәстүрлерінің бірі көрісу мерекесінің ерекшелігімен таныстыру және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, сыйластыққа баулу.

Шара барысында студенттер Мәдениет және өнер факультетінен келген қонақтарды ізгі ниетпен қарсы алды. Әуезді ән айтылып, көңілді би биленді. ФКС-13 тобының студенті Туганова Аяна «Наурыз» әнін шырқады. Студенттер мен оқытушылар көтеріңкі көңіл-күйде болды. Кеш соңында Жастар ісі жөніндегі комитеттің жетекшісі Абылай Оңғарұлы сөз сөйлеп, керемет, көңілді кеш үшін алғысын білдірді.

Гүлсезім СЕРІКБАЕВА,  
ПиМНО-11 тобының студенті



Құттықтаймыз!

## Мерген Қуанышұлы - Еңбек елшісі


Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясының бастамасымен еліміздің барлық өңірлері бойынша «30 Еңбек елшісі» жобасы бастау алған болатын. Аталмыш жобаның басты мақсаты - кәсіподақ жастарының арасында еңбек құндылығын насихаттау және жастардың жан-жақты дамуы үшін әлеуметтік лифті құру. Жобаның іріктеу кезеңі өз мәресіне жетіп, келіп түскен 196 өтінімнің ішінен әртүрлі саланың 30 үміткері іріктеліп алынды. Батыс Қазақстан облысы бойынша 11 өтінім беріліп, нәтижесінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Мерген Сүлейменов Қуанышұлы жеңімпаз атанды.

Мерген Қуанышұлын университет ұжымы атынан шын жүректен құттықтай отырып, еңбегіне толағай табыстар тілейміз!



## Алғыс айту - парызым!

1 наурыз күні тарих, экономика және құқық факультетінде тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Н.Н.Майманованың ұйымдастыруымен алғыс айту күніне орай онлайн дәріс өтті.



Дәрісті дүниежүзілік тарих және әлеуметтік - саяси пәндер кафедрасының оқытушылары Ж.А.Калиева қазақ тілінде, М.М.Мазаева орыс тілінде оқыды. Дәрістің негізгі мақсаты - адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре отырып, достық пен бірлікті дәріптеу. Онлайн дәріс барысында К.Липнау «ұлттың өзге болса да, жаным қазақ» деп өз ойын ашық білдірді. Сонымен қатар В.Осиновская мен А.Маратова, А.Дукес осы сәтті пайдалана отырып, профессор-оқытушылар құрамына шексіз алғыстарын жеткізді. Дәріске М.Өтемісов атындағы БҚУ тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Т.М.Дәрішева қатысып, студенттермен ашық пікір алмасты.

А.МАРАТОВА,  
МО-31 тобының студенті

## Наурызанама бастауы - көрісу күні

Қазақстанның батыс өңірінде 14 наурыз – Көрісу мерекесімен басталады. Көрісу күнінде жасы кіші адам жасы үлкен адамның үйіне барып көрісіп шығады. Міндетті түрде кем дегенде үш үйдің есігін ашу керек деген ырым бар. Әсіресе құдайы көршіге алдыңғы ретте кіріп шыққан жөн. Көрісе отырып, бір-біріне «Бір жасыңмен!», «Жасың құтты болсын!», «Жасың қайырлы болсын!» деп тілек білдіреді.

Осынау мерекеге орай факультетіміз мерекелік концерт ұйымдастырып, белсенділеріміз барлық ұстаздарды, кіші қызметкерлерді құттықтап, дәмнен ауыз тигізді. Үлкен атамыз профессор Рустенов Амангелді Рустеновичтің батасын алып, бір марқайып қалдық. Ең қызықты сәті - басқа факультеттермен араласып, олардың бізге арнаған ән-шашуын тамашалап, мерекенің қызықты өтуіне ат салыстық.





Жайық өңіріндегі халық арасында «Киров паркі» атауымен кең танылған саябақ Қазақстандағы ең көне тарихи мәдени саябақтардың бірі.

Жалпы 1897 жылғы санақ қорытындысында халқының саны көп қалалар қатарында Орал, Алматы қалалары көрсетілген. Шын мәнінде, қаламыздағы Назарбаев даңғылы, Құрманғазы, Некрасов т.б. көшелер бойындағы көптеп сақталынған банк, қонақ үйлер, саудагер көпестердің үйлері, гимназиялар, реальды училищенің көне ескерткіш ғимараттары Орал қаласының XIX ғасыр соңында әкімшілік, сауда, мәдениет орталығы болғандығының тарихи куәсі. Шаһарымыздың сәнін келтіріп тұрған XIX ғасырдың тарихи сәулет ескерткіштері туралы бұдан бұрында біз, атап айтқанда, Банк ғимараты (қазіргі облыстық әкімшілік үйі), сондай-ақ Ванюшин, Карев үйлерінің тарихи туралы жергілікті басылымдарда мақала жариялаған едік. Енді екі ғасыр бойы Орал қаласы тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналған мәдени ескерткіш саябақ тарихын мақала арқауына айналдырып отырмыз. Мақсатымыз - жас ұрпақтың тарихи танымын кеңейте отырып, олардың Орал шаһарындағы тарихи-мәдени және көне архитектуралық ескерткіштерге деген құрмет, жауапкершілік сезімдерін арттыру. Осы орайда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының жаңа мазмұнды жалғасы іспеттес Президент Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» атты мақаласында, ғылымдағы тарихпен тәрбиелеу қағидасын алға тартып, тарихи сана – ұлттық сана кепілі екенін айтқан еді.

Ендеше, Орал қаласының сәні, облыс халқының мақтанышына айналған мәдени ескерткіш саябақ туралы тарих не дейді? Деректерге жүгінсек, 1843 жылғы Орал қаласы басқармасының жылдық есебінде: «Шаған өзенінің сол жағалауында, қаланың солтүстік батыс бағытында орналасқан қоғамдық әскери бақтың аумағы кеңейіп келеді. 1840 жылы алғаш рет отырғызылған 3500 көшеттердің келешекте үлкен мәуелі баққа айналатынына сенеміз» деп жазылған. Осылайша саябаққа үлкен мән беріліп, 1850 жылы арнайы маман бақ өсіруші тағайындалады. Әсіресе, 1857 жылы тағайындалған Орал казак әскерінің атаманы генерал А.Д.Столыпин саябақ аумағын кеңейтіп, орман шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөліп, саябақта әскери демалыс саяжай үйін тұрғызады.

1862 жылы жазда Орал қаласына келген орыстың ұлы жазушысы Л.Н. Толстойға генерал А.Д. Столыпин осы саябақтағы саяжай үйінде құрмет көрсетеді. Кейін Лев Толстойдың «...я нашел приятеля Столыпина – атаманом в Уральске и ездил к нему» деп жазғанына қарағанда атаман екеуі жақын сыйластықта болған.

Осылайша ғасырлар жасаған саябақ өлкеміздегі түрлі оқиғалардың тарихи куәсі болып келеді. 1891 жылы 29 шілдеде Орал казак әскерінің 300 жылдығы мерекесіне келген ханзада (царевич) II Николайды наказной атаман генерал Н.Н.Шипов қарсылап, саябақтағы саяжайында қонақ көде жасайды. Құрметті қонақ үшін арнайы шақырылған әртістер арасында 18 жасар өңші Ф.И. Шаляпин де болды. Атақты өңші Ф.И. Шаляпиннің 1937 жылы жазған естелігінде: «... біздің сол керемет қызықты Бузулук, Орал, Орынбор сапарымыз жадымынан еш шығар емес!» деп жазған екен.

Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив қорындағы Орал қаласының тарихи архитектуралық ескерткіш үйлерінің 1981 жылы толтырылған есеп кәртішкелерінде: «Фурманов көшесі 82 үй. Ғимарат XIX ғасыр ортасында салынған. 1891 жылы Орал қаласына келген әртіс Ф.И.Шаляпин осы қонақ үй ғимаратына тоқтаған» деп жазылған.

Мақаланы жазу үстінде талай ұлыларды қабылдаған XIX ғасырдың қонақ үйінің (Құрманғазы көшесі 82 үй) қазіргі тұрғын үй ғимаратының (бір жақ бетінде шаштараз, кафе, дәрханна мекемелері орналасқан) жағдайын көріп көңіліміз қатты құлазыды. Қаламыздағы

осындай жағдайда тұрған бұл бір ғана тарихи ескерткіш ғимарат емес. Қаламыздың ерекше сәні, тарихтың көзі көне сәулет ескерткіштерінің сыртына «XIX ғасыр архитектуралық ескерткіші мемлекет қорғауында» деген әдемі тақтайшалар ілумен ғана шектеліп жүргеніміз өкінішті, елдігімізге сын...

Саябақ туралы ойымызды сабақтасақ, XX ғасыр басында әскери саябақтың аумағы жеміс өсіретін және халық серуендейтін екі бөлікке бөлінеді. Серуендеушілер қаладан саябаққа арбақшаларды 15-25 копейк төлемге жалдап келетін болған.

Осылайша Орал казак әскері атаманының меншігі болып келген

## ЕКІ ҒАСЫР ЖАСАҒАН „КИРОВ ПАРКИ“ ТАРИХЫН БІЛЕМІЗ БЕ?



саябақ 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін, «қазыналық бақ» деп өзгертіліп, 1919 жылы мемлекет меншігіне алынады. Алайда Азамат соғысы тұсында саябақ ақгвардияшылар мен қызыл әскерлер арасындағы атыс алаңына айналады.

Азамат соғысынан кейін 1921 жылғы табиғат құрғақшылығы онымен қабат келген ашаршылық салдарынан саябақ шаруашылығын тұралатып жібереді. Осы кезеңде ашаршылыққа ұшыраған қала халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында қазыналық бақ аумағында бау-бақша шаруашылығы құрылады. 1922 жылғы жергілікті басылымда: «Барлық мекемелер мен қала тұрғындарының назарына! Бұрынғы «Қазыналық бақ» қазіргі бау-бақша шаруашылығы бағында өсірілген қырыққабат, қызанақ, асқабақ және темекі көшеттері сатылымға түсті, сауда қолма-қол ақша арқылы жүргізіледі» деген хабарлама жарияланған.

1923 жылы «қазыналық бақ» Орал қаласының шекаралық аумағына енгізіледі. Осыдан кейін ғана саябақты қала тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналдыру мүмкіндігі туады. Шаған өзені жағалауындағы саябаққа әр кеш сайын, әсіресе 1 мамыр мерекесінде қала халқы балаларымен бірге көңілді кештерде ән салып, би билейді. Түрлі спорт жарыстары ұйымдастырылады. Осылайша саябақ халық игілігі үшін қызмет етіп, думанды демалыс орнына айналады. Осы тұста айта кететін жайт, бұл саябақта 1923 жылы қараша айында Орал қаласына келген халық комиссарлар Кеңесінің төрағасы, қазақ жазушысы Сәкен Сейфуллин сондай-ақ қазақ әдебиетінің майталмандары Х.Есенжанов, Қ.Аманжолов, Т.Жароков, Ж.Молдағалиев, Қ.Мырзалиевтың демалып серуендегені жайлы шежіре деректер бар.

1927 жылы 19 маусымда «қазыналық бақ» атауы енді «Кәсіподақ бағы» деп өзгертіледі. Қалалық кәсіподақ ұйымдарының қаржылық есебінен бақтың қақпасы мен ойын алаңдары, ішкі жаяу

жолдары жөнделіп, жаңа демалыс бөлмесінің жиһаздары жаңартылады. Сондай-ақ саябақта кітапхана, оқу залдары ашылып, көркемөнерпаздар үйірмелері, халықтық ішекті аспаптар оркестрі ұйымдастырылады. Сонымен қатар өзен жағасындағы су станциясында қайықтарды жалға беру сияқты жаңа қызмет түрлері ашылып, қаладан саябаққа дейін автобус көлігі жүргізілген. Мұнда алғаш рет Осовиахим (1927-1948 жылдар аралығында Кеңес Одағында жұмыс жасаған әуе және химиялық қару түрлерінен қорғаныс ұйымдарының бірлестігі) көрмесі сонымен бірге түрлі әскери дайындық шаралары жиі өткізіледі.

1933 жылы 2 маусымда «Кәсіподақ

ағаштары күтімнен айырылады. 1942 жылы көктемде Жайық және Шаған өзендері арнасынан тасып, Орал қаласының батыс бөлігіндегі 92 тұрғын үй құлап, 133 үйді су басып, 567 жанұя қауіпсіз жерге көшіріледі. Су тасқыны саябақтың ағаштарын құлатып, ғимараттар су астында қалады. Сөйтіп, қаһарлы соғыс жылдарында саябақ көріксіз күйге енеді. Өйткені су тасқынынан кейін, 1944 жылға дейін саябақты қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмейді. 1944 жылы маусым, шілде айларында қалалық комсомол жастар комитеті саябақты қалпына келтіру үшін сенбілік ұйымдастырады. Сенбілікке 2500 шамасында қала тұрғындары қатысады.

1950 жылы 13 қыркүйекте саябақ орталығында Сергей Миронович Кировке ескерткіш тұрғызылады. Соғыстан кейін алғаш рет 1954 жылы С.М.Киров атындағы мәдени және демалыс паркінің жазғы маусымы салтанатты түрде ашылады. Алайда мәдени бұқаралық түрлі шаралар ара-тұра өткізілгенімен, соғыстан кейін 1960 жылдардың ортасына дейін демалыс саябағының жұмысы жандана қоймаған.

1968 жылы саябақта алғаш рет өткізілген «Проводы русской зимы» мерекесіне қаланың мыңдаған тұрғындары қатысады.

1970 жылы саябақта Белоруссия елінің кәсіби эстрадалық ансамблінің (жетекшісі И.Ракевич) концерті өткізіледі. 1970 жылдың ортасынан бастап саябақта Жаңа жыл, «Денсаулық күні» мерекелік шаралары ұйымдастырылып өткізіледі. 1972 жылы саябаққа радио толқынын тарататын қуатты радиоаппарат орнатылады.

1974 жылы саябақтың территориясы 100 гектарға дейін кеңейтіліп, аққайың, үйеңкі, жөке ағаштарының орманды алқаптары ұлғайтылады. Сол кезде саябақта ағаштардың 23 түрі, тал-шіліктердің 12 түрі болған. Осы ағаштардың арасында діңінің көлемі 52-80 см, ұшар басының диаметрі 14-16 метр, 22-26 метр биіктіктегі 100 жыл жасаған 24 емен және 27-30 метр биіктіктегі 7 қарағай ағаштары өсіп тұрған екен.

1980 жылдары С.М.Киров атындағы мәдениет және демалыс саябағында теміржол, автокөлік жүргізушілер, дәрігер, мұғалім т.б. мамандық иелерінің кәсіби мерекелері өткізіліп тұрған. 1988 жылы саябақта алғаш рет шығыс халқының «Наурыз» мерекесі кең көлемде тойланады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінен кейін 2008 жылы саябақ толық заманауи жөндеуден өткізіліп, осы жылы өлкемізге жұмыс сапармен келген Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев саябақты аралап, жылы лебіз білдіреді.

Орал қаласы әкімдігінің 2009 жылы 4 маусымдағы №1436 қаулысы негізінде «С.М.Киров атындағы қалалық мәдениет және демалыс саябағы» атауы «Қалалық мәдениет және демалыс саябағы» болып өзгертілді.

Қалалық мәдениет және демалыс саябағы басшылығының айтуынша, қазіргі кезде 23,9 гектар аумақты қамтыған саябақта 4 мыңнан астам ағаш түрлері өсіріледі. 2020 жылы саябақтың 180 жылдық мерекесіне орай, саябақ аумағына 18 канадалық үйеңке, 3 емен, 3 шырша, 7 шетен, 100 түп көктерек ағаштары, ал гүлзарларға көп жылдық 300 түп раушан гүлдері отырғызылған. Сондай-ақ саябақта екі ғасырға жуық өсіп тұрған емен ағашына салтанатты түрде арнайы тақтайша белгі қойылған.

Түйіндеп айтқанда, 1840 жылдан бастау алған Орал қаласындағы мәдениет және демалыс саябағы еліміздегі ең көне саябақтардың бірі. Демек, бағзыдан Жайық өңірі халқының сүйіспеншілігіне бөленген тарихи-мәдени ескерткіш саябақтың гүлденіп, көркеюіне жауапкершілік танытып, табиғатты аялау – әрбір азаматтың абыройлы парызы.

**Б.С. БОРАНБАЕВА,**  
М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университетінің доценті,  
тарих ғылымдарының кандидаты

бағында» екпінді колхозшылар слеті өткізіліп, облыстық ауылшаруашылық көрмесі ұйымдастырылады.

Жергілікті «Екпінді құрылыс» басылымында жарияланғандай, 1933 жылы жазда Батыс Қазақстан БК(б)П облыстық комитетінің «Орал қаласы еңбекшілерінің мәдени қызмет жұмыстарымен қамтамасыз ету» туралы қаулысында «Кәсіподақ бағын» «мәдениет және демалыс паркіне» айналдыру туралы шешім қабылдайды. Осы тұста айта кету керек, қала тұрғындарының бірқатары Хан тоғайын демалыс паркіне айналдыру жөнінде ұсыныс білдіреді. Алайда, қалалық комиссия «кәсіподақ бағын» мәдениет және демалыс паркіне айналдыру жөніндегі өз шешімінде қалады.

1935 жылы 23 мамырда мәдениет және демалыс паркіне С.М.Киров есімінің берілуі салтанатты жағдайда өткізіледі. Енді паркте жаңадан 25 метрлік парашют мұнарасы, би, спорт, жүзу, аттракцион алаңдары, өткеншектер, 500 адамға арналған стадион құрылысы тұрғызылады. Жеңіл-желпі дайын тамақ сататын буфеттер жұмыс жасайды.

1935 жылы 30 маусымда С.М.Киров атындағы мәдениет және демалыс паркінде қалалық жоғары және орта оқу орындарын тәмәмдаған үш мыңға жуық студенттердің салтанатты мерекелік кеші өткізіледі. Осылайша уақыт өткен сайын саябақтың Орал қаласы тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналғанын мына сандық деректерден анық көреміз. Мәселен, 1934 жылы паркке 34000, 1935 жылы 62000, 1936 жылы 67000, 1937 жылы 72000 адамдар келіп ашық ауада серуендеген.

Алайда Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында демалыс саябағында студент жастар мен оқушылардың әскери дайындық бағытындағы түрлі спорт шараларына көбірек маңыз берілгені аңғарылады.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы тұсында саябақтың саялы



# Елімнің маңдайалды азаматшасы болуды көздеймін

Мамандықты дұрыс таңдау - ол өмір жолының сәттілігінің негізі

Э.Ф. Зеер.

Мамандық таңдау - адамды бала кезінен мазалайтын мәселелердің бірі. Мәселен, үлкендердің немесе құрбы-құрдастардың бірінің «өскенде сен кім боласың?» деген сауалына балалықпен «мұғалім, дәрігер немесе ұшқыш боламын» деп сайрай жөнелетін едік. Иә, бұл еш ойланбастан айта салатын кіршіксіз балалық еді ғой. Міне, сөйтіп жүргенде уақыт шіркін зу етіп өте шықты, енді баяғыдай балалық емес, нағыз жасөспірім, жастық шаққа да келіп жеттім.

«Кім боламын? Қандай мамандықты таңдаймын?» деген сансыз сауалдардың шырмауында қалғандаймын. Осы сауалдарды күніне өзіме бірнеше рет қоятынмын, өзім білетін мамандықтардың барлығын көз алдыма елестетіп, өзімді сол мамандықтардың иесі ретінде ой елегінен өткіземін, өзімнің біліміме, қабілетіме, сол мамандыққа икемділігіме, бейімділігіме сәйкес, өзім қалайтын, өмір бойы өкінбестей, сүйіспеншілікпен атқара алатын нақты мамандықты таңдау - қандай қиын, күрделі десеңші!

Мамандық таңдау - адамның жас шағында қабылдайтын ең маңызды шешімдерінің бірі. Қуаныш пен ауыртпалығы қатар жүретін үлкен өмірге аяқ басқалы тұрған маған көптеген мамандықтың, оқу орнының ішінен өзіме лайықты тек қана біреуін таңдау керек, ол үшін мақсатым анық, әрі айқын, яғни білікті, қазіргі жаһандану заманына сәйкес кәсіби маман иесі болу. Таңдайтын мамандығым өзіме де, қоғамға да қажетті, қолымнан келетін, көңілімнен шығатын жұмыс болуы керек, жүрегім қаламаған мамандық көп қиындыққа кездестіретін сөзсіз. Сөйтіп, мен оқу орны ретінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетін таңдадым. Ал мамандығым - халықаралық қатынастар.

Неге мен бұл университетті таңдадым? Бұл университеттің ерекшелігі - бір ғасырға жуық шежірелі тарихи жолы бар. Осы оқу ордасының құрылғанына 88 жыл болған, осы оқу жылдарында университетімізден

барлық республика, облыс көлемі бойынша көптеген атақты адамдар оқыған, ғылыми қызметкерлер, доктор, профессорлар, ақын, жазушылар шыққан.

Қол жеткізген жетістіктерін айта берсек тауыса алмастай, өз тарихын, озық дәстүрлерін сақтаумен қатар әрдайым даму, жетілу үстінде, білікті ғылыми-педагогикалық жұмысының өз қызметінде сапалы білім беру үрдісін жетілдіріп, қазіргі заманның талабы бәсекелестікке сай болуы, менің жүрегімде осы киелі оқу орнына деген сенімді оятты, әрі осы оқу орнының студенті болу мен үшін үлкен мақтаныш, ал «халықаралық қатынастар» мамандығын таңдауымның себебі - қазіргі таңда өлемнің кейбір елдерінде туындап отырған, шешімі қиын өзекті мәселелердің себебін түсіну үшін, сол елдердің сыртқы және ішкі саясатымен танысып білу, халықаралық қатынастардың даму жолдарын қарастыру. Қордаланып қалған мәселелерді шешу мақсатында бір мемлекеттің өткені мен қазіргі өміріне шолу жасай отырып, мемлекетаралық ымыраға келтіріп, яғни, дипломатиялық қарым-қатынас орнату, «келдестірімек елшіден, жауластырмақ жаушыдан» дегендей мемлекетаралық қатынастарды реттей отырып, халықаралық қатынастарды сенім мен өзара ынтымақтастыққа жол ашу, әлемде бейбітшілік шуағын шашуға өз септігімді тигізіп, атсалысым келеді.

Мен жаһандану заманының жастарының бірімін, сондықтан осы заманның талаптарының бірі бәсекелестік қабілетке сай, терең де, сапалы білім алып, өзімді жеке тұлға ретінде жан-жақты дамытып, рухани құндылықтарын бойыма сіңірген, аталарымыздың айтқан даналықтарын ескере отырып, салт-дәстүрімізді сақтап, озық ойлы, елімнің маңдайалды азаматшасы болуды көксеймін. Осы мақсатта М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінен сапалы білім алатыныма әрі оны іс жүзінде жүзеге асыратыныма сенімім мол әрі нық.

Аружан РАХМАНШИЕВА,  
МО-11 тобының студенті

Онлайн оқу

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫП ЖҮР ТАЛАЙ ҚАЗАҚ БАЛАСЫ

Студенттік қайталанбас шақты төртбұрышты ақылды экранға аударған онлайн оқу, ұршығын айналдырған бес күн фәниде зырғыған уақыттың ермек емес екенін, білім сапасының мекен мен мезгілді, оқыту әдісін таңдамайтындығын тайға таңба басқандай айқын дәлелдеді. Бізге артылған міндет - оқу.

Қашықтықтан оқып жүр талай қазақ баласы... Қашықтықтан оқыту жүйесі - жеті құрлық хәм жеті миллиард жұрты бар жұмыр жердің жаңаша айналымы десек те артық етпесті. Бұрын таң ата университетке, дәрісханаға жүгіретінбіз, ал қазір қолымыздағы смартфондар арқылы оқытушының алдына әп-сәтте топ ете қаламыз. Бұл бір жағынан уақыт үнемдеудің шешімі болды. Онлайн оқудың да ұтымды және кереағар тұстары бар. Пайдасын тарқатып айтсам, біріншіден, ақпараттық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерін пайдаланып, ой-өрісімізді кеңейттік. Мысалы, мен мамандығым бойынша жаңа жобаларға қатысып халықаралық тұлғалардан дәріс алдым. Екіншіден, айтып өткендей, уақытты үнемдеу, дәстүрлі оқу жүйесіндегідей сабаққа бару, келуге кететін уақытты онлайн оқуда ыңғайлы жерде отырып, басқа жұмыстарды реттеп, сол уақытты тиімді жұмсау. Үшіншіден, денсаулығымыздың кепілі.

Ал зардабына келер болсақ, денсаулығымыздың кепілі десек те жөн, алайда күн сайын, сағат сайын көгілдір экранға телміруден көру қабілетіміз төмендеп, мең-зең күй кешетін болдық. «Басқа түссе, баспақшыл»

демекші бұл жағдайды да жастық жігермен еңсеруге тиіспіз. Одан бөлек, тапсырмалар, практикалық сабақтарды орындауда қолжетімді материалдардың болмауынан, бір сарын ғаламтор материалдары студенттерді ізденіс ауылынан алысқа ала кетпеуінің, білім мен ғылым деңгейі өз тұғырынан түспеуінің қамын жасауымыз күп. Тіпті, желі нашар ұстайтын аймақтардағы студенттер қалаға жетіп оқу үрдісінен тыс қалмауда.

Қандай жағдай болмасын, университетіміздің талабы мен тәртібі біздің болашақта білікті маман болып қалыптасуымызға үлкен септігін тигізеді. Осы орайда, университет басшылығы мен профессор-оқытушылар құрамына алғысымыз орасан. Ұстаздарымыз көптеген бейнесабақтар, электронды оқулықтарды оқу жүйеміз Moodle порталына жүктеп, ZOOM платформасы, WhatsApp желісі, Platonus жүйесі арқылы барлық мүмкіндіктерді қолданып, үнемі байланыс орнатып, білім көшінін қалмауымызға жағдай жасауда.

Қазір еліміздегі ахуал тұрақталып келеді. Ендігі жерде дәстүрлі оқу жүйесіне оралып, аудиторияның атмосферасын сезініп, оқытушыларымызбен қауышқымыз келері сөзсіз. Студенттерге айтарым, мүмкіндіктерді қалт жібермей, еліміздің еңсерген онлайн оқу жүйесінің тиімді жақтарын таразылап, білімді, сауатты болайық.

Шұғыла ЕҢСЕП,  
Филология факультетінің 2-курс студенті

## Қашықтықтан оқыту қаншалықты оңай?

Қашықтықтан оқыту деген не? Қашықтықтан оқыту - ұстаздардың оқушылар мен студенттерге арнайы құрылғының көмегімен білім беруі. Оқытушылардың басты мақсаты - мектеп пен университетте оқу қаншалықты маңызды болса, қашықтықтан білім алудың да соншалықты маңызды екенін ұғындыру.

Студенттік шақ - ең қызықты әрі екінші рет оралмайтын тәтті кезең. Өкініштісі, осындай қызықты кезеңімізде университетімізден қашықта білім алып жатырмыз. Осыдан бір жыл бұрын еліміздегі төтенше жағдайларға байланысты қашықтықтан оқуға көшкен болатынбыз. Әр нәрсенің екі жағы болады. Сол сияқты қашықтықтан оқудың да зиянды әрі қолайлы тұстары жетерлік. Ұтымды жақтарына тоқталар болсам, өз үйімізде, ата-анамыздың жанында білім алып жатырмыз. Сонымен қатар, өзіміздің қосымша пайдалы ісімізбен айналысуға уақыт артылып жатыр. Ал

зиянды тұстарына келер болсақ, студенттердің көпшілігі ауылдық жерде тұратын болғандықтан байланысқа шығуға мүмкіндіктері өте аз. Қазіргі таңда сабақты түсіну үшін, ұстаздармен кері байланыс жасау үшін компьютердің алдында отыруға мәжбүрміз. Ал компьютердің алдында ұзақ уақыт отырудың қаншалықты зиян екені барлығына мәлім. Еліміздегі індетті былай қойғанда көп орындарды қашықтықтан жұмыс атқаруға көшіруге жағдай жасалынып жатқандай. Біздің де мақсатымыз сол, университет қабырғасында қалай білім алсақ, қашықтықтан оқыту дәл солай білім алуға кедергі жасамау керек. Бұл - еліміздегі індет, еліміздегі төтенше жағдай. Сондықтан өз еліміздің болашағы үшін, халқымыздың амандығы үшін барлық жағдайлар жасалынуы керек. Қашықтықтан оқып жатқанымызға бір жыл болғандықтан әбден үйреніп кеткеніміз рас. Қиындықтар да аз болған жоқ. Үйренісу, түсінісу, кері

Студенттік өмірден бір үздік сыр...

Осы уақытқа дейін қаншама ақын жырына жамау қылып, қаншама жазушы әңгімесіне арқау қылса да, оқырманды жалықтырған емес. Бұл тақырып жайлы құдды тиегі салулы, ішек-пернесі тағулы, құлағы келтіріліп қойылған домбырадай тек шертсең болғаны, сайрай жөнелгің келеді екен. Неге? Себебі, осынау студенттік өмір тақырыбы әр адамның қысқа ғана ғұмырында санаға сақталып, естен кетпес естеліктерімен ескерілетін керемет кезеңдердің бірі. Мен қазіргі таңда М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың құқықтану мамандығы бойынша I курс студентімін. Жалпы студенттік өмір дегеніміз - бірінші курс «балмұздақ» атанып, үлкен оқу орнын қызықтап, мұғалімді көріп арыстанды көрген қояндай қорқып, жан-жаққа жалтақтап жүретін, төрт жыл төрт секундтай өткенін еске түсіріп, сағынышпен, үлкен өмірге аяқ басатын кезең. Осы жылы біз I семестрді онлайн форматта аяқтап шықтық. Ал қазір дәстүрлі оқу офлайн форматта ауысты.

Мен №3-ші жатақханаға келіп орналастым. Алғашында таныс емес жандар, бейімделіп үлгермеген орта. Өзіңмен бірге бір бөлмеге түскен қыздармен танысу. Өрине ең алғашында университетке үйренісіп, толық білу қиынға соғатыны айдан анық. Өйткені он бір жыл оқып, біліп келген үстеліңіз жоқ енді. Сананыңда «аудитория» дейтін түсінік пайда болады. «Мұғалім» сөзін «профессор» дейтін ауқымды ұғым ауыстырады. «Лекция», «семинар» сынды таңсық атаулар сізді өзіңіз білмейтін әлемге жетелейді. Өзгеше сабақтар, тіпті мектеп кезіндегі «математика», «әдебиет» деген қарапайым пәндер күрделене түсіп, әр студентке «тар жол, тайғақ кешу» секілді болып көрінеді. Талабы көп ұстаздар, бұрынғы «ағай», «апай» деген сөздер қалып, орнына ұстаздың толық аты-жөнін бірге айту. Ең қызық шақ ол өрине - жатақхананың керемет өмірі. Студенттік қызық пен шыжыққа толы өмірінің бөлігі осы жатақханада өтетіндіктен, көп адамдар студенттік шақты еске алғанда жатақхананы да қоса еске түсіреді.

Шырайыңда алаулап гүлдегі арай,  
Оқу залын ду қылдыт жере талай.  
Күн жарықта мүлгітін жатақхана,  
Оянатын сілкіне түнге қарай.

Факультетім тарих, экономика және құқық, ал жатақханам болса №3-ші. Арасы өте қатты алыс емес. Әрі кетсе 10-15 минуттық жер. Бөлме -19А. Бір қуанғаным, бірге бір бөлмеде жататын қыздарым - өз группаластарым. Қызылорданың пысық қызы - Айгерім мен Ақтөбенің қатты қызы - Кристина. Өте жақын араласып кеттік. Бірге бір нанды бөліп жеп, бірге қуанамыз. Үшеуімізде де үш түрлі мінез, іс-әрекет, еркелік бәрі бар. Өркез жанымыздан табылып, қиыншылық түскен кезде бірге болып, сүрінгенде демеу, құлағанда тіреу боламыз. Бірлігіміз мықты, бір үйдің тату балалары секілдіміз. Осыған дейін басымыздан қаншама қызықты сәттер өтті. Біз үшін бірге өткерген әр сағатымыз бағалы.

Қорыта келсем, менің басты мақсатым - ата-анамның үкілеген үмітін ақтап, сапалы білім нәрін алып, сенімді ақтау. Еңселі елдің ертеңі болып, ерік-жігерін шыңдап, білікті де білімді озат маман иесі атану. Осы айқын мақсатыма жетіп, асқақ арнамымды жүзеге асыратыныма нық сенімдімін. Қысқа ғана болатын университеттің алтын қабырғасында өткізген күндеріңіздің қадіріне жете біліңіздер. Сағат тілі тез соққаны соншалық, өмір де желдей ескен қайың секілді. Жат жерден жақындарыңызға айналған достарыңызды құрметтеп, сыйластықтарыңызды сақтаңыздар. Себебі, бұл күндер кері айналып келмейді.

Балнұр САЙЛАУБАЙҚЫЗЫ,  
Юр-11 тобының студенті

байланыс жасау, сабақты жеткілікті ұғыну біраз өуреге салды. Қазіргі таңда біртіндеп үйренісіп қалдық. Өзімізге керекті білім алып, ұстаздармен кері байланыс жасап жүрміз. Бірақ, өз университетімізде білім алып, қызықты шақты бірге көргенге не жетсін? Мені қатты қынжылтатыны - қашықтықтан білім алудың қиындығы емес, ең қызықты шағымыздың университеттен жырақта өтіп жатқандығы. Бастысы еліміз аман болып, індеттен тезірек құтылайық. Ал оқушылар мен студенттер толық өз білім ордаларына оралса екен.

Нұрайлым ҚҰБАЕВА,  
Филология факультетінің 2-курс студенті



Махамбет университетінің магистрант жастары «Мен оқыған бір кітап» атты әдеби кеш ұйымдастырып, қазақ әдебиеттануының жаңа бағыттары, әдебиеттанудың өзекті проблемалары аясында ой-пікір алмасты. Биыл «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына – отыз кітап» атауымен танымал қазақстандық авторлардың поэзия, проза, драматургия, балалар әдебиеті және аударма саласындағы 30 үздік шығарма жалпыхалықтық оқуға іріктелген еді. Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Ғылыми кітапханасында осы акцияның «Проза» жанры бойынша таңдалған кітаптарды талдауға арналған әдеби кеш өтті. Оған «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында оқитын магистрант жастар қатысып, проза жанры бойынша таңдалған кітаптардағы туындыларға әдеби талдау жасады.

## Мен оқыған бір кітап



- Жазушы Тобық Жармағамбетовтың «Қарала сиыр», «Отамалы», «Қызыл ай», «Майлы аяқ», «Уақыт», «Жан», «Қара жаңбыр» шығармаларында қаламгер өзі өмір сүріп жатқан заманның ақиқат шындығын, зұлмат соғыстың зардаптарын еш бүкпесіз баяндаған. Қай шығарманың да өзегі культтық, діни құндылықтардан алыстамаған. Қарапайым ауыл тұрмысы, қарапайым ауыл тұрғындары баяндалғандықтан бұл кітап өз оқырманын сендіреді. Түсінікті сюжеттерімен, диалог арқылы берілген характерлер шарпысуымен бұл кітап оқырманын оп-оңай автор суреттеген заманға алып кетеді. Тобық Жармағамбетовтың «Отамалы» кітабын оқыған кезде бабаларымыздың қиыншылыққа толы ғұмыры көз алдымынан өтіп, осы күніміздің қадіріне жетіп, азаттығымыздың баға жетпес байлық екеніне

тағы бір мәрте көз жеткізгендей болды, - дейді 1-курс магистранты Жарқынай Харисова.

Оның әріптесі Әйгерім Қайырғалиева жақында ғана мемлекеттік сыйлыққа ие болған көрнекті жазушы Тынымбай Нұрмағамбетовтың «Періштелердің өлімі» жинағын оқып шыққан екен. «Автор осыған дейін көбінесе ауыл өмірі тақырыбын шығармаларына арқау ететін. Бұл жолы жаңа заман адамдарының өміріне қалам тербепті. Қазіргі жаңа заман адамдарының жантүршігерлік ауыр күйі, талпынысы, құлшынысы осы кітаптардағы шығармаларға сыйып тұр. «Жыланның уы» хикаятындағы жансыздандырылған, қоршаған ортаға реакциясы жоқ үрейлі кейіпкер айналасындағы оқиғалар, «Сәмбіталдың мұңы» хикаятындағы Алдияр ақсақалдың ары мен ұяты бай көркем тілмен жеткізілген.

Бұл кітап өзекті тақырыптарымен оқырман көңілінен шықты дер едім» - дейді Әйгерім.

Жоғарыдағы магистранттардың ұстазы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Рита Сұлтанғалиева университет қабырғасында әдебиет саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары жақсы жолға қойылғанын айтады. Сонау 1930 жылдары Қажым Жұмалиевтің тұсында іргетасы қаланған әдебиет үйірмесінің алтын жібі әлі күнге үзілген емес. Бүгінгі «Мен оқыған бір кітап» әдеби кеші сынды шаралар жас ғалымдардың ғылыми зерттеу, әдеби сын дағдыларын меңгеруге ықпал етеді. Белгілі бір автор мен шығарманы нысанаға алып, оны әлемдік әдебиет үрдісімен салыстыра, байланыстыра зерттеу, ол ізденісті әдеби ортада талқыға салу – қазіргі заманда аса қажет шараның бірі. Қазақ әдебиетінің насихаты десек те болады.

- Абыз қаламгер Әбіш Кекілбаев ағамыздың «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деген әдемі сөзі бар. Сондықтан оқырман жас көп болсын, оқитын кітабы бір емес, мың болсын дейміз, - дейді Рита Бекжанқызы.

Махамбет университетінде өткен әдеби кеште магистранттар Мәдина Жаледден Тұрысбек Сәукетайұлының «Желқайық» романын, Ақмаржан Қобыландиева Сәуле Досжанның «Қасірет пен тағдыр» романын, Айым Қайыржанова Дәурен Қуаттың «Бәрісоқпақ» кітабын талдап, өз ойын ортаға салды. Ал Ербол Қуандықов Юрий Серебрянскийдің «Демді де пайдалы: қазақстандық әдебиет жайлы» атты кітабын оқығанда туған ойларымен бөлісті.

- Мені сырт көз, өзге ұлт өкілінің қазақ әдебиетін қандай бейнеде көретіні қызықтырды. Оларға біздің әдебиетіміз жат па? Байқауымша, Юрий Серебрянский әдебиеттің қазіргі келбетін өзінің тәжірибесі арқылы сомдаған екен. Жаңа заманда қазақ әдебиетінің алатын орны, оның проблемалары, әлеуметте айтуға болмайтын тақырыптарда сұқбат алған адам тағдырлары арқылы оқырманға өзіндік ой айтқан, - дейді магистрант.

Әдеби кештің арнайы қонағы болған жас қаламгер, драматург Рахат Әлішердің де алдыңғы буын қаламгер шығармалары туралы өз пікірі бар екен.

- Дәурен Қуаттың «Күнікей – Кірекей» әңгімесіндегі уақыт пен кеңістік шебер сипатталған. Аюдың аңшыдан кек алу мотиві де, біраз уақыттан соң әйелдің аю тілін ұғуы да сенімді. Ал «Бәрісоқпақ» әңгімесінде ұжымдастыру заманындағы тар жол тайғақ кешкен қазақты жақсы суреттейді. Әйтсе де көсем қасқыр жайлы бөлім, оның арғы қазақпен ұйқасуы табиғи емес, автор көп күш салғандай әсер қалдырады, - дейді жас қаламгер.

Әдеби кешке қатысқан жастар университеттің Ғылыми кітапханасы ұйымдастырған «Отыз жылдыққа – 30 кітап» атты көрмені тамашалап, болашақта да осылай бас қосып тұруға уағдаласып тарасты.

### АДАМ - ӘЙЕЛДІҢ АЛАҚАНЫНДА

Халықаралық әйелдер күні — әр жылы 8 наурызда тойланатын мереке. Тарихта әйелдердің теңқұқықтық пен эмансипация жолындағы күресіндегі ынтымақтастық күні ретінде пайда болды. 1975 жыл - Халықаралық әйелдер жылы боп аталғаннан кейін, сол жылдан бастап БҰҰ ресми түрде наурыздың 8-ші күнін Халықаралық әйелдер күні етіп бекітілген. Өнеміне дегенше күнтізбенің қызыл күні де келіп қалыпты.

Алаштың ұлтжанды азаматтары, ұлттың да, ұрпақтың да бесігін түзейтін, тілімізді де, дінімізді де ділімізді де ана сүтімен санаға сіңіретін, қазақты тәрбиелейтін - қыздарымыз. «Бәрі де адамның өз қолында, ал адам - әйелдің алақанында» деген сөз әлемді билейтін де, тербейтін де әйел екенін білдіреді.

Құрметті Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұстаздары, қызметкерлері және студент арулары! Сіздерді жыл басы көктемнің айтулы мерекесі 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі бар тіршілік, жарық дүние, бақытты өмір – әйел-ананың аяулы алақанында. Адамзат баласына тән қасиетті, сүйіспеншілік пен іңкәрлікті, сұлулық пен махаббатты, бар болмысын шынайы рухта бір бойына сіңіре білген ақ пейілді, дархан жүректі нәзік жандарға дүниедегі бар жақсылық атаулыны тілеймін. Тәуелсіз еліміздің нығайып, әлемге танылуына асыл аналарымыз, ардақты жеңешелеріміз бен апа-әпке, сіңлілеріміздің өлшеусіз үлес қосқандығы ақиқат. Отбасының күнбе-күнгі шаруасын, бала тәрбиесін және қоғамдық жұмыстарды қоса атқара жүріп әйел заты біздің қоғамдағы тұрақтылық пен ел бірлігін сақтау мәселесінде шешуші рөл атқарып келеді.

Баршаңызға мереке құтты болсын! Әрбір шаңыраққа шаттық пен бақыт, отбасының амандығын, еліміздің өсіп-өркендей беруін тілейміз. Өмірдегі әйел жаққан шырақ сөнбесін!

Арайлым ФАЗЫЛОВА,  
Фил-11 тобының студенті

Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Қыз баланы тәрбиелеу – ұлтты тәрбиелеу деген сөз.

Осы тақырып аясында 2 наурыз күні М.Өтемісов атындағы БҚУ-да Мәдениет және өнер факультетінің ұйымдастыруымен «Ұлтыңды сақтаймын десең-қызыңды тәрбиеле» атты кездесу кеші өтті. Жиынға арнайы шақырылған қонақтар, білім басқармасының өкілі, Жастар ісі жөніндегі комитеттің аға консультанты Ешимова Жанбота Есенғалиевна, Мәдениет және өнер факультетінің деканы Қажымова Қарлығаш Рахимовна және оқытушы-профессорлар құрамы, студенттер қатысты. Кеш барысында Жастар ісі жөніндегі комитеттің аға консультанты Ж.Е.Ешимова және факультет деканы Қ.Р.Қажымова қоғамдағы қыз тәрбиесі, болашақ ұрпақ тәрбиесі жөнінде шараның маңыздылығын атап айтып өтті.

### ҚЫЗ - ҰЛТТЫҒЫҒ ҰЯТТЫ

Басты қонақтар - БҚО Білім басқармасы қосымша білім беру және тәрбие жұмысы бөлімінің бас маманы Габбасова Замзагуль Аманжоловна және облыстық «Орал» орталық мешітінің наиб имамы Алибаев Самат

Қанатқалиұлы қыз тәрбиесінде абыройы мен ар-ұяттың сақталуы, келешек өміріне даярлығы жөнінде баса айтты. Сонымен қатар, «Қызым - үйде, қылығы - түзде», «Қызды қымтап ұстаған ұялмайды» деген бабаларымыз,



«қызды қырық үйден тыюмен» шектелмейді, қыз баланың бойына асыл қасиеттерді сіңіру тек құлаққа құюмен, ақыл айтумен ғана шектелмейтінін, үлгі - өнеге көрсету қажет екенін негіздеп, ұлағаты мол тағылым айтып, дін тұрғысында, заман зауқына қарай ашық киінбеу, со-рақысы-зинадан аулақ болу, қыз бен жігіт қарым-қатынасындағы әдептер, шариғатқа, әдебімізге жат дүниелерді қабылдамау жөніндегі өздерінің тәрбиелік-тағылымды дәрістерін оқып, көпшілікпен ой бөлісті. Осылайша, аталмыш шарада қазіргі заманғы қыздар тәрбиесі туралы сындарлы пікірлер ортаға салынып, көптеген сүбелі ойлар айтылды. Шара соңында ұйымдастырушылар қонақтар мен қатысушыларға ризашылықтарын білдірді.



## “Stud fest” “InstaLike”-нен жалғасты

М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультетінің 1-курс студенттерінің арасында өткізіліп жатқан “Stud Fest” жобасының бірінші кезеңі “InstaLike” болды. Мақсаты - топпен жұмыс жасауды үйрену, көрермендердің қызығушылықтарын тудыру, пікірлерін білу.



Сайысқа әр команда өздерінің топтық киімдерімен санитарлық ережелерді сақтай отырып суретке түсті. Бұл кезеңнің қызығы сол әр команда өздерінің ұйымшылдықтарын көрсете отырып, парақшада белсенділік танытты. Әрине, бұл сайыс оңайлыққа соқпады. Бір тәулікке созылған сайыста ең көп лүпілді

қоржындарына жинаған «Rhythm» командасы болды. Ал ең көп пікір жинаған, киім үлгілерімен ерекше көзге түскен - «Biz birgemiz» командасы.

Гүлсезім СЕРІКБАЕВА,  
ПМНО-11 тобының студенті

## Мақал - сөздің мәйегі

Жаратылыстану-география факультетінде 1-курс белсенділерінің ұйымдастыруымен “Мақал - сөздің мәйегі” атты интеллектуалдық сайыс оздырылды. Алдымен факультеттің студенттік деканы Амангельдиев Мейрамбек Жумамуратулы интеллектуалдық ойынға қатысқалы отырған командаларға жылы лебізін білдіріп, сәттілік тіледі. Сайыста қызықты ойындар ойнатылып, студенттеріміздің мақал-мәтелдерді айту, білу шеберліктері анықталды.



Ойын соңында қазылар алқасының құрамындағы тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Кажымуратова Жаннат Санкибаевна, оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Абдырахман Асемгуль Қайратқызы сөз сөйлеп, командаларымызды бағалап, әділ төрелігін көрсетті.

Интеллектуалдық ойын нәтижесінде оқ бойы оза шапқан “Эрудит” командасы жүлделі I орынды, “Альфа” командасы жүлделі II орынды, “Элита” командасы жүлделі III орынды иемденді.

Талаптың тұлпарын мініп, тас қияға өрлеген талантты студенттеріміз, шәкірттеріміз барда Қазақстанның болашағы әркез жарқын болмақ.



## “Шебер қолқар” сайысқа түсті

25 ақпан күні М.Өтемісов БҚУ педагогика факультетінің ұйымдастыруымен «Шебер» атты қолөнер сайысы өтті.

Мақсаты - студенттердің ептілік, икемділік, шеберлік қабілеттерін арттыру.

Шығармашылық, бәсекелесу қабілеттерін дамыту, ойларын жинақтап қорытынды жасауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Қыздар көйлек тігіп, жігіттер Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арнап кереметтей суреттер салды. Бұл сайыста жігіттер мен қыздардың ұйымшылдықпен жұмыс жасауы ерекше көрініс тапты. Қыздардың бірі мата қып, бірі тігіп жатты. Жігіттердің бірі суретті салып, бірі бояп, әрледі. Нәтижесінде, «Q- елі» тобы сурет салу жағынан да, көйлек тігу жағынан да ерекшеленіп, жақсы ұпайға ие болды.

Қазақтың қолөнерін, асыл қазынасын жоғалтпай, әрі қарай дамытып, көне мұраларын тауып, оны жаңарту - жастарымыздың міндеті.

Жуырда М.Өтемісов атындағы БҚУ Педагогика факультетінің жатақхана студенттерімен ұйымдастырылған «Жастар алаңы» атты сергіту сәті бағдарламасы өткізілді. Бұл бағдарламаның мақсаты - студенттердің қоғамдық ортаға бейімделуі, өзара танысу, ұйымшылдыққа баулу, студенттік өмірдің қызығы мен қиыншылығы туралы баяндау. Студенттерді адалдыққа, тапқырлыққа, жаман әдеттерден аулақ болуға, жан-жақтылыққа және мейірімділікке баулу. Педагогика факультетінің деканы Е.Г.Алғазиевна студенттерге арналған кешті өз алғысөзімен бастады.

## Жастар алаңы

Жастар ісі жөніндегі комитеттің жетекшісі Абылай Оңғарұлы өз сөзінде жатақхана ішіндегі тәртіп, сыйластық, бір-біріне деген қамқорлық жайында және студент бойынан табылатын адамгершілік қасиеттерді сөз етті. Келесі В.Т.Бигельдиеваның «Тән тазалығы, жан тазалығы» атты дәрісінде қазіргі жер-жаһанды жаулаған індетке байланысты қалай қорғану керек екенін айқындап ережелермен таныстырып өтті. Тазалық әр адамның сана сезімінен, отбасы тәрбиесінен, орта тазалығынан бастау алады.

Шара барысында рухы биік, мақсаттары айқын студенттермен түрлі жарыссөздер, пікір алмасулар өткізіліп, сергіту сұрақтары қойылды.

## “Серпіліс”

зияткерлік сайысы оздырылды

25 ақпан күні М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультетінің ұйымдастыруымен «Серпіліс» зияткерлік сайысы өткізілді. Мақсаты - студенттердің білімдерін тереңдету, шапшаңдыққа баулу, белсенділіктерін арттыру. Сайысқа 6 топ қатысты. Олар: “DosLike”, “Rhythm”, “Berі qara”, “Qyragandar”, “Q- елі”, “Biz birgemiz”. Алғашқы кезең топ басшылар сайысы болды.

Түрлі тақырыптағы сұрақтар қойылды. Нәтижесінде «Rhythm» тобының топ басшысы 12 ұпаймен озып шықты. Келесі кезең «IQ»-де студенттер түрлі эксперимент жасап, өз танымдарын күшейтіп, логикаларын іске қосты. Осы сайыс барысында әр топтың ұйымшылдығы көрінді. “DosLike”, “Qyragandar”, “Biz Birgemiz” топтары ең жоғары нәтиже көрсетіп, қоржындарына 5 ұпайдан түсті. Ендігі шешуші кезең - «Жорға». Бұл кезеңде Абайдың 175 жылдығына, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына, университет тарихына байланысты сұрақтар қойылды. Командалардың білім дәрежелері осы сайыс арқылы көрінді.

Жалпы қорытынды бойынша “Q- елі” 97 ұпайды, “Qyragandar” 76 ұпайды, “DosLike” 68 ұпайды қанжығаларына байлады.

Ақыл ой мен жүйріктікке баулыған сайыс



студенттердің танымдық деңгейін көрсете білді. Сонымен бірге алған білімдерін сарапқа салды. Бірін-бірі тыңдай біліп, нақты жауапты ойланып айта білетіндіктері байқалды.

Гүлсезім СЕРІКБАЕВА,  
ПМНО-11 тобының студенті





## Ел бірлігі арта берсін

Елбасымыздың Жарлығымен 1 наурыз - Қазақстанда алғыс айту күні болып жарияланған болатын.

Мерекенің басты мақсатының бірі – өскелең ұрпақты достыққа, бір-біріне деген құрмет пен толеранттылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, Қазақстанда

этносаралық келісім мен ұлтаралық қарым-қатынасты нығайту. Бұл мерекенің маңызы өте зор. Жалпы бұл мерекенің өзіндік тарихы бар. Қазақстан халқы бұл мерекені алғаш рет 2016 жылы атап өтті. 2016 жылдың 14 қаңтарында Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнін яғни 1-наурызды Алғыс айту күні етіп жариялаған еді. Бұл күн өте өзгеше болуы керек. Адамдар бір-біріне мейрімділік танытып қадам жасаған сайын істеген ісіне, қасындағы жарына, жолдасына, баласына алғыс айтудан бастауы керек. Сондай-ақ, Ата заңымызда дініне, тіліне шыққан тегіне қарамастан Қазақстанда мекен ететін барлық ұлттардың тең екендігі жазылған. Сондықтан мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақ халқына айрықша жауапкершілік жүктелгені анық. Мұндай міндетті еліміз өзге этнос өкілдерінің мемлекет құраушы ұлтқа деген шексіз құрметі мен алғыс сезімі арқасында іске асыруда.

Кешегі қилы заманда қазақ халқы тағдырдың жазуымен елге келген өзге этнос өкілдеріне кең құшағын жайып, бауырына тартты, бір үзім нанымен бөлісті. Столыпин реформасы кезінде елге тұтас этностар депортацияланды. Түрлі этнос өкілдерін вагондармен ашық далаға әкеп тастады. Онсызда күнін әрең көріп отырған қазақ отбасылары оларды үйіне кіргізіп, қамқорлық танытты. XX ғасырдың басында Қазақстанға Беларусь, Ресей және Украинадан 1,1 миллион адам қоныс аударды. Ал 1930 жылдары ұжымдастыру барысында 250 мың шаруа жер аударылып, тағы 1,2 миллионға тарта адам өнеркәсіп нысандарын тұрғызуға келген. Олардың бәрі Қазақстанда орнығып, қиын кезеңдерді қазақ халқымен бірге еңсерді. Сондықтан елдегі мерекелер қатарының Алғыс айту күнімен толығы игілікті іс болды. Бұл күннің астарында қазақ халқының бауырмалдығы мен мейрімділігіне ризашылық білдіру жатыр.

Қорытындылай келе, тәуелсіз мемлекетімізде бір шаңырақтың астында тату - тәтті өмір сүріп жатқан халықтардың достығы мен сыйластығы арта берсін демекпін.

**Кристина ДОРДИЙ,**

Тарих, экономика және құқық факультетінің I курс студенті

## Бір жасымызбен, ағайын!

Наурыздың 14-і - көрісу күні. Бұл күні бүкіл ағайын-тума әулеттің бас иесіне, ауыл-аймақ сол жердің ақсақалына, жасы кіші үлкенге арнайы барып, қол беріп көрісіп, «бір жасымын» құттықтайды. Әсіресе, бұл – бала-шағаның мерекесі. Ала таңнан әр үйді аралап, үлкенге сәлем беретін балдырғандардың бүкіл қойны-қонышы тәттіге толып, артылғанын дорбаға, қолындағы сөмкесіне тоғытады...

Бастауын сан мыңдаған ғасырлардан алатын, бүгінде еліміздің батыс өңірінде сақталып қалған дәстүр шартты түрде наурыздың 14-і «Көрісу күні» (кейде «қауышу күні») деп аталады. Ал халық арасында Наурыз мейрамын қарсы алу осы күннен басталады.

Жер бетіндегі тіршілік атаулы жаңаратын бұл кезеңді біздің халқымыз «Амал мерекесі» деп те атайды. Жыл сайын 14 наурызда «Амал келді - жыл келді!» деп бір-бірін құттықтап, бір дастарханнан дәм татып, ескі жылдан жаңа жылға аман-есен жеткеніне қуанады. Таң лебі мен таң атысымен қазанда бұрқырап пісіп жатқан бауырсақтың иісі Көрісу күнінің белгісі іспетті. Әр үйдің үлкендері оянып, дастарханын толтырып, көрісіп шығатын бала-шағаны күтіп отырады. 14 наурыз күні күн шыққанда есігі ішінен құлыптаулы тұрған үй болмайды. Бәрінің есігі ашық, үйі жинаулы, дастарханы мол. Бұл күні ауыл тұрғындары ерте тұрып, елең-алаңнан жасы үлкен адамдарға сәлем береді. Көрші-қолаң бір-біріне «Жасың

құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!» деп тілек айтады. Көрісу күнінде бұрынғы өкпе-реніш кешіріліп, араздық ұмытылады. Көрісу — тек адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін, бір-бірімен қауышатын мерекесі ғана емес, сондай-ақ жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін күн. Әйткені Көрісу салты бір күнмен шектеліп қалмайды, наурыз бойы жалғаса береді.

Шаттық пен қуанышқа, ақ бата мен молшылыққа толы бұл мерекеді мәре-сәре болған жұрт осы қарқынмен Жаңа Жыл - 22 наурыз мерекесін қарсы алады.

Сонымен, түбі қайдан шықса да, көрісу – тамаша дәстүр, имани салт екенін ешкім жоққа шығара қоймас. Алысты жақындататын, өкпені ұмытатын, татулықты арттыратын мереке – Көрісу айты құтты болсын! БІР ЖАСЫҢЫЗБЕН, АҒАЙЫН!

**Бекзада МЕЙРБЕКҚЫЗЫ,**

Тарих, экономика және құқық факультетінің 2-курс студенті

## Музейге саяхат

Жуырда ИС-11 тобының студенттері М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің музейінде болды. Музейге кураторымыз Бұлбұл Сагинғалиевна мен Ешимова Жанбота Есенғалиевнамен бірге бардық.

Ешимова Жанбота Есенғалиевна бізге университеттің тарихын баяндап берді. Университеттен шыққан үлгі тұтарлық атақты аға, апаларымыз жайында мәліметтер алдық. Шеберлердің, дизайнерлердің әдемі бұйымдарын, белсенді аға буынның университетке әкелген үздік жетістіктерін (кубогын, медалі, диплом, марапаттауларын) көрдік. Ардагер оқытушы ағайыларымыз жайында тереңнен біліп, жақсы әсер алдық. Музейге келген мақсатымыз да осы еді. Университетіміздің тарихын одан әрі зерттеп, білімімізді кеңейттік, білгіміз келген жайттар жайында сұрап, білдік. Жанбота Есенғалиевнаға алғысымыз шексіз. Бізге есік ашып, қуана-қуана музейді аралап таныстырып шықты.



Болашақта біз де сол аға, апайларымыздай үлгілі болып, барлық жағынан жан-жақты болып, өзіміздің пайдамызды тигізіп, үлкен жетістіктерге жетеміз деген сенімдемін.

**Гүлжауар УТЕПБЕРГЕНОВА,**  
ИС-11 тобының студенті



Ақпан айының 26-жұлдызында М.Өтемісов БҚУ педагогика факультетінің ұйымдастыруымен «Сазды әлем» патриоттық әндер байқауы өтті. Мақсаты - студенттердің бойына Отанға деген, өнерге дегенге сүйіспеншілікті дарыту, музыкаға деген қызығушылықты арттыру, есте сақтау қабілеттерін нығайту. Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Сайыс 3 кезеңнен тұрды: Патриоттық әндер (Ұлы Отан соғысы, Тәуелсіздік), хор, еркін тақырыпта өн шырқау. Сайыс барысында өн де, би де, көрініс те сахнаның сәнін келтірді. Әр команда бар өнерлерін ортаға салып, көрерменнің көңілінен шығуға тырысты. Ерекше өнерімен таңқалдырған «Rhythm» командасы 10 баллдық нәтижемен алға суырылып шықты.

Өнерпаздар әнді көпшілік алдында қысылмай еркін орындауға бейімделді. Еліміздің жарқын болашағы мен келешегі дарындыда, қабілетті жастар қолында!

**Гүлсезім СЕРИКБАЕВА,**  
ПиМНО-11 тобының студенті

## Бәрекергі!

Жақында Халықаралық «Абай, Мұқағали, Махамбет» оқулары ұйымдастырылған болатын. Осы байқауда өлең сөзінің құдіреті мен қуатын жанымен сезініп, бәйгеде оза шапқан М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті тарих, экономика және құқық факультетінің студенті **Каримова Карина Гибадатовна** жүлделі I орынды иемденді. Шын жүректен құттықтаймыз!

## Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі өз жұмысын атқаруда

М.Өтемісов атындағы БҚУ-да психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі ашылған болатын. Бұл жобаның мақсаты - әлеуметтік желі арқылы табысты жастардың санын арттырып, келісті әрі дамыған қоғам құру, студенттердің психологиялық ойын дамыту.

Студенттермен онлайн түрде түрлі психологиялық тесттер өткізілді.

«Стресстен шығу жолдары», «Сенімділікті арттыру жолдары», «Өзіндік бағаны жоғарылатудың тәсілдері» атты тренингтер болды. Нәтижесінде, студенттер өздерін өзгелерден төмен ұстамауды, өткен күнге сараптама жасап, осы күнге қалай жеткенін анықтауды, стресстен шығу үшін өнімді іспен айналысып, ойлар тасқынын тоқтатуды үйренді.

## Эстафеталық жарыс ұйымдастырылды

М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультеті ұйымдастырған «StudFest» жобасының 8-ші кезеңі эстафеталық жарыс түрінде өтті. Мақсаты - студенттер арасында салауатты өмір салтын насихаттай отырып, эстафета спорттық ойынын дамыту және спортшылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту, дене дайындығын, денсаулығын арттыру.

Жарыс барысында түрлі кезеңдер өтіп, қатысушылар теннис ракеткасы, ысқырық, секундомер, доп, скакалкалар арқылы бақ сынасты. Оған әр топтан 8 адамнан 6 команда қатысты. Өз шапшаңдықтарымен көзге түскен «Qyqandar» тобы жүлделі I орынды иемденді. Сайыс өте жоғары деңгейде өтіп, көптің көңілінен шықты.

## Факультеттер шаңғы жарысына қатысты

Жақында М.Өтемісов атындағы БҚУ факультеттері арасында шаңғы жарысы өткізілді. Бұл жарыстың мақсаты - студенттердің спортқа деген қызығушылықтарын, салауатты өмірге деген құлшыныстарын ояту, команда арасындағы бірлікті, шапшаңдықты білу.

Сайысқа 5 команда қатысты. Жүзден жүйрік атанып, бас жүлдені иеленген - Педагогика факультеті. Ал, II орынға Физика-математика факультеті ие болса, III орын Филология факультетіне бұйырды. Осы жобаның арқасында спортшылардың шеберлігі шыңдалып, талпыныстары арта түсті.

Шаңғы - қоғамдағы жалпы мәдениеттің бөлігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы.

**Гүлсезім СЕРИКБАЕВА,**  
ПиМНО-11 тобының студенті

## Рөлдік ойын ұйымдастырылды

Жуырда Жаратылыстану-география факультетінде декан орынбасары Абдырахман Асемгуль Қайратқызының басшылығымен ХБ-13, ХБ-11 топтарының ұйымдастыруымен «Никотинді соттау» атты рөлдік ойын өткізілді.

Рөлдік ойын барысында студенттеріміздің жан-жақты екендіктеріне тағы да бір мәрте көзіміз жетті. Барлық студенттеріміз өздеріне берілген рөлдерді тамаша сомдап шықты. Шеберліктерін паш ете отырып, көрермендерге де осы тақырыпты жеткізе білді. Рөлдік ойын соңында төреші никотинді соттау туралы шешім қабылданды.

Біз темекісіз Қазақстанды қолдаймыз! Халқымызға, жастарымызға денсаулық сақтайтын мінез-құлық пен шылымқорлықтан саналы түрде бас тарту дағдыларын қалыптастыруды қалаймыз. Бәрі өз қолымызда!





Бaubек Бұлқашев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

А. Байтұрсынов

# Журналист

(Journalist)



№11 (36), наурыз, 2021 жыл

Ұлттық болмыс

## Ұлттық наурыз - рухани жаңғыру мейрамы

Қазақстан Республикасы мемлекетінің толығып, қуаттана түсуі үшін, әлем халықтары өркениеті арасындағы өзіне лайықты орнын алуы үшін, әлі де болса атқарылар жұмыстар мен ізденістер ауқымы мол. Тарихтың бір кезеңдерінде «Қазақ хандығы», «Дешті Қыпшақ», «Ғузия» (Түркі қағанаты) және тағы басқа атауларға ие болған бұл өлкені түркі нәсілді түрлі тайпалар өз Отаны ретінде мекен-жай еткен, өсіп-өнген. Зерттеушілерге сүйенсек, Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-турки» (Түркілер сөздігі) еңбегінде осы аймақтарда тұрақтанып, қоныс еткен қырық тоғыз тайпа мен тайпалық бірлестіктердің аты аталып өтеді. Қазақстан аумағын және онымен шектес аймақтарды мекендеген өзгедей де түркі халықтарының ұзақ уақыттар бойына аралас-құралас өмір кешуі осы халықтардың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінде де өзіндік із қалдырған. Солардың бірі – дүниенің жаңғырып, жасару мезгілі – көктемді қарсы алу. Қазақтар, көптеген түркі халықтары, бұл орайда көктемнің алғашқы уақыттық белгісін «күн мен түннің», яғни, жарық пен қараңғылықтың теңесу уақыты» деп таниды және қазіргі түсінігімізге сай 22 наурызда атап өтіп жүр. Қазақтарда әдет-ғұрпымызға тән бірқатар мерейлі күндер бар, бірақ Наурыз мейрамының орны ерекше.

Бұрынырақта тарихи-географиялық жағдайларға байланысты экономикасының басым бөлігі төрт түлік мал-жағдайына тәуелді болған қазақтар осы Наурыз мейрамынан соң іле-шала көктеу мен жайлауға көшу қамына кіріседі. Мұның алдында Наурыз мейрамын үй-үй, жақын ауыл-ауыл болып атап өтетін. Келетін қонаққа арнап жеті түрлі дәмнен немесе жеті түрлі азық түрінен арнайы «наурыз көже» дайындалатын. Сонымен қатар осы мейрамға әзірлеп, сыйлы адамдарға арнап қыс соғымынан «наурыз сыбаға» сақталынған. Осыған орай халық арасында наурыздың «ұзынсары» деген атауы да болған. Сондықтан, «наурыз сыбағаны» кейде

«ұзынсары сыбағасы» деп те атаған. Қыс қиыншылықты өткізген халық наурыздан, яғни, Жаңа жылдан көп жақсылықтар күткен. Бір-бірінің үйін, ауылын аралағанда наурыз құрметіне арнап «ескі жыл есіркеді, жаңа жыл жарылқасын» деп, үмітті тілектерін де білдірген. Сонымен қатар шаруашылыққа, адамның көңіл-күйіне, халыққа, мемлекетке қатысты «ұлыс аман болсын!», «ұлыстың ұлы күні құтты болсын!», «ақ мол болсын!», «желі ұзарсын!», «көк көбейсін!», сондай-ақ «жаңбыр мол болсын!», «егін ырғын өссін!», «жайлау жайлы болсын!», «қоныс құт әкелсін!» сияқты және т.б. тілектерді білдіріп отырған. Наурыз мейрамында ауыл жиналып, көкпар тарту, балуан күрестіру, айтыс-толғау өткізу тәрізді іс-шаралар атқарылған. Сондай-ақ маңызды бір мәселе – наурызға жете алмаған әруақтарға Құран оқылып, еске алынып отырған. Наурызға арналып жайылған дастархан басында сол ауыл-аймаққа, ағайын-туғанға, тұрмыс-тіршілікке қатысты мәселелердің барлығы да түгенделіп, әңгіме арқауына айналған. Мәселен, *күйеу келтіру, қыз ұзату, құда күту, жайлауға көшу, егін салу және т.б.*

Қазіргі уақытта ата-бабадан мирас болып қалған Наурыз мейрамы көктем мерекесі, ескі жаңа жыл басы ретінде жаңғыра түсіп, халқымызбен бірге жасап келеді. Бұл реттегі бірер халықтық ұғымдар төмендегіше:

- «Әз» ұғымы. Халық «әз болмай, мәз болмайды» деген қанатты қағида қалдырған. Наурыз – қасиетті ай, Шығыс күн есебі бойынша жылдың алғашқы айы; Наурыз – шат-шадыманды ойын-сауық, той басы. Кей жерлерде «наурыз тойы» («наурыз-нама») аталады;

- Наурыз көженің дәстүрлік, мерекелік ұлттық тағылымы – адамдарды жомарттыққа, ізгілікке, ұйымшылдыққа, татулыққа, бірлікке шақыру. Наурыз – тоқшылық күні. Қазан оттан түспейді. Әр үй наурыз көже істейді. Уыз қатырылады. Сорпа сапырылады;

- Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алсаң, сонда олжалы жол болар..(Наурыз

жырының үзгі); Наурызда алған батаның орны бөлек. «Уыз бата» тұрғысында дәріптеледі. Жастар бұл күні үлкендерден бата алуға тырысады. Наурыз бата үлгісі: «Өркенің өссін!», «Әр күнің Наурыз күніндей берекелі болсын!», «Ұлың-оңға, қызың-қырға қонсын!», «Еліңе елеулі, халқыңа қалаулы бол!», «Айың тусын оңыңнан, жұлдызың тусын солыңнан», «Бақ берсін, Қыдыр дарысын!», Наурыз тілек: Көк тәңірі нұрыңды аяма, Жер тәңірі ырысыңды аяма! Әділ жанды тағынан тайдырма, Әз халықты бағынан айырма! Басыма бас қос, Жасыма жас қос, Асыма ас қос!

- Наурыз төлі төл басы ретінде бағаланған. Төл басы сатылмайды, ешкімге сыйға берілмейді; Наурыз көк - наурыз айында ұшып келетін көктем құсы, бақыт құсы қатарына қосады; Наурыз күні туғандарды халық бақытты, ерекше адамдар деп ұғынған; Наурызшешек – наурыз айында өсетін жапырақты түрлі-түрлі гүлді, қауашақты әсем өсімдік (шөп). Майының дәрілік қасиеті бар. Өсемдік үшін үйде де өсіреді. «Қызыл кітапқа» енген сирек кездесетін бағалы өсімдік;

- Наурызша – наурыз айының ашық күндері түсетін қолдан жасағандай ерекше ою-өрнекті әрі жұп-жұқа қиыршық қар. «Наурызша» – алдағы жылылықтың белгісі; «Саумалық» – өлеңмен ерілген жақсы тілек. Адамдар саумалық айтып, бір ескі ыдысты сындырып, «жамандық кетсін» деп ырым жасаған; Мұхаррам – араб тілінде «тыйым салынған» деген сөз. Ертеде шығыс елдері наурызды «мұхаррам» атаған. Мәнісі: осы қасиетті айда табиғатты ластауға, тәртіпсіздікке, ұрлыққа, ғайбат сөзге, ішімдікке тағы басқа жағымсыз істерге тиым салынған. Наурыз – пәктік, адалдық күні: Қателік кешіріледі. Көңіл кірі өшіріледі. Жолсыздыққа тыйым болады. Ақ тілек-сыйың болады. Әр үйде береке болады, Ойын-сауық, мереке болады; «Самарқанның көк тасы» – наурыз күніне байланысты айтылатын терең мәнді сөз. Аңыз бойынша әйгілі астроном Ұлықбек (1394-1449) обсерваториясындағы көк тасқа дәл 22 наурыз күні түскен күн сәулесінің жылуы тасты жібітеді-мыс.

Осыған орай біз де Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұжымы мен студенттер қауымына Наурыз құтты болсын, еліміз аман болсын деп тілек білдіреміз. Сөз соңында, жыл басы – Наурыздағы аталымдарды да қоса беруді жөн көрдік. Шынында да халық дәстүрлері қашан да өмір тәжірибесінен туындап, қалтқысыз қалыптасады. Соның нәтижесінде қолданысымызға жаңа атаулар еніп, жас ұрпақтың дүниетанымын кеңейтеді. Сол себепті төмендегідей халық даналықтарының студент жастар есінде жүргені абзал деп білеміз. Олар: жыл басында нұр жауған түн – Қызыр түн; жыл басының алғашқы суы – Қарғын; алғашқы қары – Ақша қар; алғашқы күні – Ұлыс күні; алғашқы желі – жыл айналып жеткен Алтын күрек; алғашқы төлі – Дүбіраяқ; бірінші сүті – Уыз; бірінші құсы – Наурызкөже; бірінші көгі – Бәйшешек; алғашқы асы – Наурызкөже; алғашқы тілегі – Ауызды ақтан айырмасын, қызылды уақтылы көрсетсін; алғашқы құттықтау сөзі – Жасың құтты болсын!; бірінші белгісі – Керісу; бірінші сый-тағамы – Ұйқылашар; алғашқы сыйлықтар – Діреткізер, Селтеткізер; бірінші нышаны-Саумалық айту; бірінші сәлемі- Ұлыс бақты болсын, төрт түлік ақты болсын, Ұлыс береке берсін, пәле-жала жерге енсін!

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,

«Рухани жаңғыру» институтының директоры, п.ғ.д., профессор





## Спартакиада жүлдегерлері

12-14 наурыз күндері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Jas Otan» Жастар қанаты Батыс Қазақстан облысы филиалының ұйымдастыруымен «Ұлттық қазына» атты ұлттық ойындар спартакиадасы өтті. Бұл сайыс ауыр дертке шалдыққан кішкентай Эмир бауырымыздың еміне қайырымдылық көмек ретінде ұйымдастырылды.



Университетіміздің намысын қорғап, жүлделі орын алған спортшыларымыз өте көп. Атап айтсақ, асық ату спорт түрінен Фкс-15 тобының студенті Қаһарман Ержігіт, Фкс-33 тобының студенті Арыстан Өмірбекжүлделі 2-орынды иеленсе, Фкс-35 тобының студенті Ерниязова Ализа, Фкс-33 тобының студенті Болыспай Сандуғаш тоғызқұмалақ сайысынан командалық есепте 1-орын алды. Қазақша күрестен 70 киллограмман жоғары салмақта Фкс-45 тобының студенті Мұратов Асылбек 2-орынды иемденді. Ләңгі ойыны бойынша Фкс-15 тобының студенті Исмаилов Тойлыбай 3-орынды қанжығасына байлады. Ал арқан тартыс ойыны бойынша командалық есепте үлкен басымдықпен 1-орынға ие болды. Команда құрамында Крашанин

Денис Фкс-15, Әділгереев Арслан Фкс-11, Абдығалиев Радмир Фкс-15, Тұрғанбай Дархан Фкс-11, Даулетова Сауле Дов – 11, Кульбеда Анастасия Пимно – 12 топтарының студенттері болды. Жалпы бұл спартакиада 3 күнге созылды. Нәтижесінде М.Өтемісов атындағы БҚУ командасы 1-орынды иемденді. Сайыс соңында командаларға 200 мың тенге сыйақы табыс етілді және оны командалар Эмир бауырымыздың еміне қайырымдылық ретінде табыстады. Жоғары деңгейде өткен «Ұлттық қазына» атты спартакиадада өз бақтарын сынаған барлық қатысушыларға алғысымызды білдіреміз. Жүлделі орын алған университетіміздің спортшыларын құттықтай отырып, ерқашан жеңісті күндеріміз көп болсын дейміз.

## СПОРТ - сенімді серігің

«Шынықсаң – шымыр боласың» демекші, дене жаттығуы адам баласына қашанда пайдалы. Күні бойы өзіңді сергек сезініп жүрудің де бір тәсілі – спорт. 6 наурыз күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай М.Өтемісов атындағы БҚУ тарих, экономика және құқық факультеті 1-курс студенттеріне арнап үлкен залда волейбол ойынын ұйымдастырды.



Бұл күн біз үшін өте керемет және пайдалы болды. Өйткені, біз бір-бірімізді көріп, білісіп, таныстық. Алғашында әр адам ойынды өз тобымен бастады. Кейін топтар өзара араласқаннан соң ойынға деген қызығушылығымыз артып, достығымыз одан әрі нығая түсті. Ойынға «Winper», «Бүркіт», «Махамбет», «Серпін», «Қыран», «Лучшие», «Батыс», «Ист-11» топтары қатысты. Ойында әр топтың бір-біріне деген бәсекелестігі ойынды одан әрі қыздыра түсті. Ойыншылардың да ойынға деген құлшынысы артты. Финалға «Winper» мен «Лучшие» тобы шықты. Екі команданың да ойыны қызықты болғаны сонша, басқа ойыншылардың және көрермендердің қолдауы әр команданы жеңіске жетеледі. Спорттық жарыстың нәтижесі бойынша «Winper» тобы I орынды иеленсе, «Лучшие» тобы II орынға, және «Махамбет» тобы III орынға ие болды. Ал қалған топ қатысушылары Алғыс хаттармен марапатталды.

**Карина КАРИМОВА,**  
ИСТР-11 тобының I курс студенті

## Бәрекеңгі!

13-14 наурыз күндері 2001-2003 жылы туған жастар арасында Қазақ күресінен Батыс Қазақстан облысының чемпионаты өткізілді.

Мақсаты – студенттерді ұлттық күрес әдістеріне баулу. Ұлттық ойындарға студенттердің сүйіспеншілігін, қызығушылығын ояту, үйрету. Бұл жарыста 40-тан астам палуан күш сынасты. М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультетінен екі студент жүлделі орындармен оралды. Өзгелерден күші басым түсіп, жеңіске жеткен палуандармыз ФКС-13 тобының студенттері Утепов Мұқағали 55 кг салмақта жүлделі I орынға, ал Қуантаев Мерлан 60 кг салмақта II орынға ие болды.

Спортшыларымызға бәрекеңгі дей отырып, алдағы уақытта да тек жеңіс тілейміз!



\*\*\*

Атырау облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушы Аралбаев Алпысбай Сейткалиұлының мерейлі 60 жасқа толуына орай жоғары оқу орындары мен колледж студенттері арасында Батыс аймақтық күрес фестивалі оздырылды. Аталмыш фестивалде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің құрамасы командалық есепте жүлделі 3-орынға ие болды. Құттықтаймыз!



\*\*\*



Жақында Алматы қаласында Қазақстан, Қырғызстан, Ресейден 20 файтердің қатысуымен өткен NFC 29 турнирі өткізілген болатын. Аталмыш турнир ФКС-43 тобының 4-курс студенті Аслан Утеғалиев қатысып, қырғызстандық Бахрам Шакирбаевты бірінші раундта ұтып, NFC 29 турнирі кәсіби лигасының кезекті жеңімпазы атанды. Бұл Асланның NFC-дағы 5-ші жеңісі. Жаттықтырушысы – Тимур Ешев.

Асланды жеңісімен құттықтай отырып, келесі жекпе-жектерінде де бабың мен бағың қатар шаба берсін деп тілек білдіреміз.

\*\*\*

3 айға созылған қалалық «Медет» қайырымдылық қоры ұйымдастырған футбол лигасы өз мәресіне жетті. Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің физика-математика факультетінің студенттерінен «Makhambet university» командасы құрылып, лига кезінде үздік қақпашы аталымы бойынша Жәнібек Нұрсұлтан марапатталды. Ал университет командасы 3-орынды қанжығасына байлады.

Спортты жаны сүйер, жақсылыққа жаны құштар жастарымыз көп болсын!



## Жан-жақты дамытуға бағытталды



М.Өтемісов атындағы БҚУ-да шаңғыдан факультетаралық сайыс өткен болатын. Сайысқа 6 факультет қатысты. Педагогика факультеті бойынша оған 8 студент қатысып, 3 студент жүлделі орындарды иемденді. Атап айтсақ, Дмитрий Коровин мен Фарид Сүлейменова I орын алса, Максотов Махамбет III орынды иемденді.

Бұл адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға, жастарды жан-жақты дамытуға бағытталған сайыс болды.

**Гүлсезім СЕРІКБАЕВА,**  
Пимно-11 тобының студенті

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР Өңделеді. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

### МЕНШІК ИЕСІ:

**Махамбет Өтемісов атындағы**

**Батыс Қазақстан**

**университеті.**

**Газет айына бір рет шығады.**

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 292

**РЕДАКТОР:** Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

**ТІЛШІЛЕР:** Нұрайлым ҚҰБАЕВА, Дария ДЖУМАГАЛИЕВА, Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА, Шұғыла ЕҢСЕП, Гүлсезім СЕРІКБАЕВА

**БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:**

Асель АБДУЛЛИНА

**ФОТОСУРЕТ:**

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және

графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

**ИП «Старков С.А.»**

баспаханасында басылды.

**Мекен жайы:** Ақмола облысы, Көкшетау қаласы,

Ауельбеков көшесі, 98.

Тел.: 8-716-2-25-14-90

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: orken.gazeti@mail.ru